

ПАРАСАТ



1996 жылдың 22 наурызынан бастап шығады

Издается с 22 марта 1996 года

№11 18.11.2016
(спецвыпуск)

Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті
Северо-Казахстанский государственный университет им. М. Козыбаява

Академик Манаш Қозыбаевтың туғанына 85 жыл



Өмір – кітап,
Тарихнұсқа беруші.
Тарих-әжем,
Бәрін үнсіз теруші.
Тарих-анам,
Жөн көрсетіп, көз салған.
Тарих-ұстаз,
Ертеңге жол көрсетуші.
Өмір - теңіз,
Манаш-бағыт сілтеуші.
Жентектеудің
Сырын сондай білсеңші.
Жаңы таза
Ақ сүтіндей ананың,
Сондықтан да,
Ол - ен әділ тіркеуші.
Мейлің досым,
Мінез білдір қосылмай,
Оны айтқанда
Шыдаймын жосылмай.
Манаш-шындық,
Манаш - тұра әділдік,
Ар - иесі
Біздің Манаш осындей.

Кәкімбек Салықов

Академику Манашу Қозыбаеву 85 лет

Біздің университетте 2004 жылдан бері «Қозыбаев оқулары» деген атпен жыл сайын халықаралық конференция өткізіп тұру дәстүрге айналған. Академик Манаш Қозыбаевтың 85 жылдығына арналған "Қозыбаев оқулары" халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция СҚМУ-да 18-караша күні осымен он үшінші рет өтеді. Конференцияға академиктік туған-туыстары мен білім және ғылым министрлігінің өкілдері, Солтүстік Қазақстан облысы мен республика университеттерінің жетекшілері, Түмен, Омск, Қостанай, Алматы, Астана қалаларынан және Ресей мен Қазақстанның өзге де қалаларынан галимдар шакырылды.

Отан тарихына қызығушылық танытқан облыс және кала тұрғындарына, әртүрлі оқу орындарының оқушыларына және колледж ұжымы үшін біздің университеттің көрнекті ғалым Манаш Қозыбаевтың шығармашылығы мен көпқырлы өмірі тура-лы әңгімелер мен кездесулер дайындалды.

С 2004 года Северо-Казахстанский государственный университет ежегодно проводит Международную научно-практическую конференцию «Козыбаевские чтения». В этом году тринадцатые по счету «Козыбаевские чтения» проводятся в СКГУ 18 ноября и посвящены 85-летию академика Манаша Кабашевича Козыбаева. На конференцию приглашены родные и близкие академика, представители министерства образования и науки, руководство Северо-Казахстанской области, руководители вузов республики, ученые из Астаны, Алматы, Костаная, Омска, Тюмени, Кургана и других городов Казахстана и России.

Для коллективов колледжей, учащихся различных учебных заведений, жителей области и города, интересующихся отечественной историей, наш университет подготовил цикл встреч и бесед, раскрывающих многогранную жизнь и деятельность выдающегося ученого Манаша Козыбаева.

Академику Манашу Козыбаеву 85 лет



2016 жылды Қазақстан халқы мемлекетіміздің ұлттық тарихы мен жетістіктеріне байланысты маңызды оқиғаларды атап өттеде. Бұл: Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 25 жыл, «Алаш» қозғалысының көрнекті қайраткері Әлихан Бекейханның туғанына 150 жыл. Бұл оқиғалар қазақстандық мемлекеттіліктің жалпы идеясымен біріккен, яғни, Қазақстан мемлекетінің тууы мен қалыптасуы, қазақстандық құнды-

лықтарының бекуіне, ұлттық тарих туралы білімнің танылуына бағытталған.

Егеменді елімізді қалыптастырудың алғашқы жылдары талай санақты бастаң кешірді, оның қоғамдық дамуы отандық тарихты игеруші зиялышардың, сонымен қатар ғалымдардың белсенділімен айғақталады. Сондай ғалымдардың бірі академик Манаш Қабашұлы Қозыбаев болды. Осы жылы республиканың бүкіл ғылыми қоғамдастығы академиктің 85-жылдығын атап өттеде.

2003 жылдан бастап Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеттің академик Манаш Қозыбаевтың есімімен аталды. 2004 жылдан бастап «Қозыбаев оқулары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция дәстүрлі түрде өткізіледі. Осы жылдары конференцияға көрнекті қоғамдық және мемлекеттік қайраткерлер, ғалымның қолдаушылары және республиканың ғылыми қоғамдастық пен аlyс-жақын штедлік қонақтар қатысты. Манаш Қабашұлы туралы естеліктерін сактауга үлес қосқан ғалымның қолдаушылары мен әріптестері, шәкірттері Кәкімбек Салыков, Кенжегали Сагадиев, Салық Зиманов, Хангельды Әбжанов, Кайдар Алдажұманов, Мамбет Қой-

гельдиев, Қадыржан Әбуев, Бұркіт Аяған, Абай Тасболатов есімдерін зор мақтанышпен айтамыз. Конференцияда олардың баяндамаларында әрдайым ұстаз тәлімгерге жылы сөздер арналды.

Манаш Қабашұлы Қозыбаев - Қазақстанның рухани жаңғыруына үлес қосқан күрескер, қоғам қайраткері. 1995жылы Манаш Қозыбаевтың бастауымен Қазақстан Республикасының тарихи қалыптасуымен, отандық тарихтың түйінді проблемаларын қайта қарастыру Концепциясы жасалынған. Бұл концепция Қазақстан тарихының қайта қарастырылуында басты рөл атқарды.

Атакты ғалымның өмірі жаңа буын тарихшыларға үлті - өнеге. Зиялы қауым алдында түрган жауапкершілік мол, оны Манаш ағамыздың еңбектерінде де байқауға болады. Манаш Қозыбаевтың тарихи мұрасында ұлттық тарих, жалпы қазақстандық патриотизм мәселелері ерекше орын алып зерттелінген. Бүтінгі конференциямызда осы өзекті мәселелерге арналған. Конференцияның жұмысы табысты, шығармашылықта толы, ғылыми ізденіске мол болсын! Баршанызға зор деңсаулық пен сәттілік тілейміз!

В 2016 году народ Казахстана отмечает важные события, связанные с национальной историей и достижениями современного государства: это 25-летие Независимости Республики Казахстан, 150-летие видного деятеля движения «Алаш» Алихана Бекейханова. Эти события объединены общей идеей возрождения и построения казахстанской государственности, направлены на укрепление казахстанских ценностей, популяризацию знаний о национальной истории.

Впервые годы становления суверенитета страну ожидало немало испытаний, и его общественное развитие во многом определялось активной ролью интеллектуалов, в том числе ярких ученых, изучающих Отечественную историю. Одним из таких ученых был академик М.К. Козыбаев, 85-летний юбилей которого в этом году отмечает вся научная общественность республики.

С 2003 года Северо-Казахстанский государственный университет с честью носит имя академика Манаша Кабашевича Козыбаева. С 2004 года стало доброй традицией ежегодное

проведение международной научно-практической конференции «Козыбаевские чтения». За эти годы в работе конференции принимали участие видные общественные и государственные деятели, соратники ученого и научная общественность республики, близкого и дальнего зарубежья. С особой гордостью и теплотой мы отмечаем бесценный вклад в дело сохранения памяти о Манаше Кабашевиче Козыбаеве его соратников, коллег и учеников Какимбека Салыкова, Кенжегали Сагадиева, Салыка Зиманова, Хангельды Абжанова, Кайдара Алдажуманова, Мамбета Койгельдиева, Кадыржана Абуева, Буркту Аяғана, Абая Тасбулатова и других. В их докладах на конференции всегда звучали теплые, добрые слова в адрес учителя, педагога и наставника

Манаш Кабашевич Козыбаев - видный общественный деятель, подлинный ученый, последовательный борец за духовное возрождение Казахстана. Он был не просто историком в научном понимании, он сам творил историю, находясь у истоков становления нашего государства. В

1995 году по инициативе и под руководством М.Козыбаева разработана Концепция формирования исторического сознания в Республике Казахстан. Концепция сыграла ключевую роль в переосмыслении истории Казахстана, в разработке узловых проблем Отечественной истории и в формировании исторического сознания казахстанцев.

В преддверии знаменательных для нас дат, коллектив Северо-Казахстанского государственного университета поздравляет всех участников научно-практической конференции с наступающими праздниками, желает мира, благополучия и плодотворной работы во благо нашей Республики.

Надеемся, что «Козыбаевские чтения» в очередной раз внесут существенный вклад в пропаганду и изучение творческого наследия ученого-патриота, историка, общественного деятеля Манаша Кабашевича Козыбаева.

**Серік Өмірбаев
М. Козыбаев атындағы
СКМУ ректорының м.а.**

Академику Манашу Козыбаеву 85 лет

ВОСПИТАНИЕ ИСТОРИЕЙ

Обновление исторической науки происходило в условиях открытых дискуссий конца 80-х годов, в ходе которых были высказаны три подхода.

Значительная часть исследователей считала, что науку следует очистить от идеологизированных оценок. Другая часть историков сплотилась на негативно-нигилистической платформе, утверждая, что в прежней исторической науке нет ничего достойного сохранения. Сторонники третьего направления заявляли о необходимости творческого созидаельного подхода.

Открытые дискуссии в исторической науке совпали с критикой и отказом от идеологических догм в общественном сознании. Критика привела к необходимости существенного изменения содержания методологических подходов в оценке исторического прошлого. Значительный вклад в разработку проблем исторического прошлого Казахстана был внесен М.К.Козыбаевым.

В январе 1996 года М.К. Козыбаев, в статье «Зная прошлое, видишь и перспективу развития страны», определил задачи развития исторической науки: «Задача академического гуманитарного знания, в данном случае, состоит в воспитании более объемного, выходящего за рамки узконационального видения истории, в ломке bipolarного толкования мира, в приобщении к глобальной сокровищнице исторического знания».

Формирование новой исторической науки происходило одновременно со становлением новых мировоззренческих позиций. При этом М.К.Козыбаев предупреждал об опасности влияния на историческую память религиозного, националистического фанатизма. По мнению М.Козыбаева, историческая память длительное время находилась в состоянии летаргии.

В этих поисках М.К.Козыбаев обозначил собственную позицию: «Опираясь лишь на справедливость, мы должны постичь уроки отечественной истории, развенчать имеющиеся мифы, достичь истины. В этом, очевидно, и назначение, и долг



казахстанских историков. Только тогда историческое сознание будущих поколений не будет заидеологизировано, вскормленные материнским молоком, утолившие жажду из чистого родника истории отцов и предков, они смогут обрести крылья и поднимутся ввысь».

Тема Великой Отечественной войны была ведущей в творчестве М.К.Козыбаева. В послевоенные период он твердо заявлял: «Безусловно, нет и никогда не будет пощады нашим бывшим соотечественникам, которые стали военными преступниками и палачами, но были и те, которые на взлете своей юной жизни оказались в аду фашистских лагерей смерти. Во всем этом исследователям предстоит разобраться».

Гражданская позиция М.Козыбаева была основана на глубоком научном анализе этого события, оказавшего многогранное влияние на историю XX века.

В работе «Отечественная наука XX века: мифы и реальность», М.Козыбаев отметил наиболее важные аспекты изучения Великой Отечественной войны.

Одной из наиболее важных проблем, по мнению М.Козыбаева, является оценка характера общественно-политического строя накануне вой-

ны: «Накануне войны, вместо единой, неделимой державы-империи возвысился единый могучий Союз. Вместо монархии господствовала диктатура партии большевиков. Победил казарменный социализм».

В постсоветский период, в исторической литературе неоднократно ставился вопрос о характере войны 1941-1945 годов. Оценка характера данных событий была у М.Козыбаева неизменной: «В сущности, в том великом противоборстве Советского Союза с фашистской Германией весь наш народ поднялся на борьбу с агрессором, стал воюющим народом».

Критически оценил М.К.Козыбаев миф И. Сталина о постоянно действующих факторах Победы. Единство советских людей в годы в годы войны М.Козыбаев объяснял так: «Объединяла советских людей общность их исторических судеб – это, во-первых. Объединяла народы обрушившаяся на страну агрессия, угроза потери ее независимости – это, во-вторых. Объединяла их всенародная борьба с врагом на фронтах и труд во имя победы в глубоком тылу – это, в-третьих. Объединяла советских людей принадлежность к своему Отечеству, чувство дедовского патриотизма».

Значительное место в наследии М.Козыбаева занимает оценка помощи Казахстана в годы Великой Отечественной войны. Он отметил высокий уровень мобилизации в Казахстане за период с июня 1941 по декабрь 1942 года. Значительная часть мобилизованных участвовала в кровавых сражениях второй мировой войны. «На мой взгляд, пагубное влияние на массовую мобилизацию имели и депортация народов, эвакуация населения из прифронтовой полосы, ибо режим в их лице имел дармовой источник рабочей силы».

Профессионализм, инновационные методы, творческое отношение к истории казахского народа, являются характерными чертами работ М.К.Козыбаева в постсоветский период.

**Тамара Канаева,
к. и.н., ветеран труда**

Академик Манаш Қозыбаевтың туғанына 85 жыл

ҰЛТТЫҚ ТАРИХТЫ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТУШЫ

Төл тарихымызды қылыштың мұратымен қатар пайым-парасатпен ұлттық мүдде биігінен толғаған тұлғалар қатарынан Манаш Қабашұлы Қозыбаевтың алатын оны ерекше.

Бұл күндері ұлы тарихшының еңбектері біз секілді, жастарға мол өнеге. Қазақ халқының қайраткер перзенттерінің бірі, тарих ғылымының докторы, профессор, академик, Қазақстан Республикасының Ғылым академиясы Тарих және этнология институтының директоры, Қазақстан Республикасының халық депутаты болған Манаш Қозыбаев отандық тарих туралы ете құнды ғылыми мұра қалдырыды. Ол тарих ғылымына өз өмірінің 40 жылдан аса уақытын аринаған екен. Оның жарық көрген 800-ге жуық ғылыми жұмысы, 30-ға тарта монографиясы, 50-ден астам ұжымдық жұмысы осы айтқаныма дәлел бола алады. Оның 35-ке жуық еңбегі әлем тілдеріне аударылған. Тіпті, ТМД, АҚШ, Франция, Қытай, Болгария елдерінде оның еңбектері басылым беттеріне шығып отырған. Өз еңбектерін шетелге шығару арқылы Қозыбаев қазақ деген халықтың бар екендігін барша әлемге паш етті. Мұнысмен қоймай, қазақ ұлтының беделін әлемдік деңгейге асқақтатты.

Бізге белгілісі оның бабаларды асқақтата білген, жан тәнімен халықты сүйіп өткен дара тұлға екендігі. Ол ата тарих туралы да сыр шертіп қазактың өткен жолдарын сол кезеңдің төрінде тұрғандағы баяндап қана қоймай, ел болашағына қызмет жасайтын «еңсесі биік ақ орданың тігелеріне» күмән келтірмеген, дала өркениетінің құрамдас белігі ретінде Отан тарихымызды – «өркениет перзентіне» теңей, ұлттық санамыздың нәріндей қабылдау керектігін, жаңғырған Қазақстанның өкілі ретінде шүкіршілік ете отырып, «ұмытқанды жадымызыга түсіріп, аяқ асты болған асыл мұраларымызды түгендер, әлемдік өркениет көгіне жыл құсы қылыш ұшырып, аталар аманатын орындау», ұлыларымызды даралап, ана тілімізді бағалап, туған жердің қасиетін көтеру қажеттігі туралы да ой-тұжырымдарын өсietтей жазып кетті.



Ғылым - ең бірінші ұлттық құндылық ретінде, ғылымның кейбір салаларының, мәселен, адамгершілік аясындағы ұғымдар сату, сатып алу, пайда табу заңына бағынатынына күмән келтіре, адаптация бар жерде қоғамның іргетасы берік болатындығын алдағы кезеңді болжай отырып ескертеді. Сондықтан да адаптация тудыруши – ғылым, білім, мәдениет, зияялы қауымның ұлттық дәрежедегі саналы бірлігі арқасында қорғалады. Бұл бүтінгі таңда өзекті мәселе болып отыр. Осы тұста айтпай кету мүмкін емес, ұлттық элитага байланысты Манаш Қабашұлы ұлттық зияялы қауымды бірінші лек, көшбастар, топбастар элитасы, екінші лек, ұлт намысын қорғайтындар – ана тілі, ұлттық діл, ата трихи, жерінің тұтастығы үшін жанын піда етуге даяр қазақ зияялары, үшінші лек, дубәралар тобы- бір аяғы елде, екінші аяғы шет жердегілер, төртінші – дүбәра топка қызмет ететіндер легіне бөле отырып, ел тәуелсіздігі ұлт зияялы қауымының топтасуы, бірігуі, кіргігуі және оның тегеуірінді, екпінді күшке айналдыру арқылы ғана баянды болатынын, сонымен қатар тарихтың тәулеекке көнбейтінін, тіл, тарих, әдебиет тұтас бір рухани материк болып ұлттық болмысты тудыратынын тұжырымдайды.

Барлық қоғам мүшелері сияқты XX ғасырдың 90-жылдары еліміздегі қоғамдық қатынастар мен өмір-

салттық өзгерістер Манаш Қабашұлының да жандуние сіне әсер етіп, «... Біз коммунистік қоғамның шинелінің ішінен шықтық, соның төл перзентіміз.

Біз перші емеспіз. Кейбір зияялар кеше ғана коммунистік дастарханның төрінен тәтті тамақ жеп, бүтін оны ит алғысыз етіп жүргендер өздерін керемет таза жандар санайды. Өмірде бұлай болуы мүмкін емес. Адам баласының ұлылығы – оның өзін-өзі тәрbiелей алуында, жан дүниесін билеуінде.....Бұл күні жана заманға бейімделіп, еңбек етушілер - батыр» екендігін түйіндей келе, жас ұрпақты екі оттың ортасында қалдырмай жол ашып, ұлттық сана-сезімді шыңға шығару, тек оларды ұлттық рухпен, салт-дәстүрмен нәрлендіру арқылы ғана жүзеге асыратын рухани

басшылық қажеттілігін де батыл күн тәртібіне қойды. Ол ез адам мен ер адамның аражігін ажыраты келе, «ер ел қамын жеді, ұлт мұның айтпай біліп толғайтын шешен, халық жүгін өз еркімен арқалаған алтын бейнетқор жан – ұлт перзенті»- деп түйіндейді. Ұлт перзенті болу үшін:

- Пенденің жеке басының мүддесі ұлт мүддесімен қабысуы керек;

- Жеке басының пендешилігінен ел қамын жеген Едігешілігі басым болып, халықпен табысусы керек;

- Жүрексіну, қобалжу, қоркыныш сияқты пенделерге тән өзін-өзі сактау сезімдерін ақылға жеңгізіп, тәуекелдің қайығына мініп, Отан үшін, ел үшін жан аямай шабысусы керек.

Ғалым қандай тарихи тақырыпта сөз қозғамасын тәуелсіз ой мен ұлттық рухтың самалы соғып тұрады. Сөзінің әрбір екпінінде бостандық пен еркін тыныс алу сезімі, ұлттық мүдде, жоғарғы рух. Ол Қазақстан тарихшыларының тәуелсіздік тұсында ұлт санаасын оятып қана қоймай, Ұлы көштің басында екендігіне мактап тұтады. Манаш Қозыбаев есімі еліміз мемлекеттік Тәуелсіздік алған жылдары Отан тарихын сыйлайтын оқырмандар арасында кеңінен таныла бастады. Манаш Қозыбаев бастаған тарихшылар тобы тарихтың ақтаңдақтарына үңілді.

Академик Манаш Қозыбаевтың туғанына 85 жыл

1987 жылы ақпанда “актаңдак” терминін алғаш рет қолданылды.

Манаш Қозыбаев актаңдактар қатарына қазақ халқының этногенезі, қазақ халқының жонғарларға қарсы ұлт-азаттық қозғалысы, қазақ халқының көне мәдениеті тарихы, Қазақстанның Ресейге қосылу тарихы, көшпендерілер өркениеті тарихы, қазақ халқын күшпен отырықшыландыру әдістері мен шежіре мәселелерін қости.

Манаш Қозыбаев отандық тарихнамада алғашқылардың бірі болып тарихи портреттер жасауды қолға алған еді. Мұндай жауапты қадамға барадуға тарихшының даярлығы да, талант-куаты да жеткілікті болатын.

Манаш – ұзак жылдар бойы коммунистік партия мен кеңес өкіметінің Қазақстандағы кадр саясатын тыңғыштықты әрі терең зерттеген саналы маңандардың бірі болған азамат.

Тарихшы қауым Алаш деген сөзден үркіп-корқып ат-тонын ала қашқан кезде “Алаш – қазақ халқы деген ұғым. Алаш – еліміздің ежелгі аты. Ол ғасырдың басындағы ұлттық санасында өсу процесінің құрамдас бөлігі” деп алғаш айтқан М.Қ. Қозыбаев болды. Қазақстан тарихнамасында Манаш бірінші болып “халқымыз қаранды еді, мәдениеті тәмен, сорлы еді” деген тезиске қарсы шықты. “Дала этикасы – ол тағдырлар этикасы емес,” – деді Манаш. “Ол – көшпендерілер өркениетінің этикасы. Ол – он үште ұлды ұлан етіп жеткізген, он алтыда қызды бұландағы бой жеткізген халықтың этикасы. Ол – сұлулықты, батырлықты, парасаттылықты төбесіне көтерген халықтың этикасы.

Манаш Қозыбаев есімі еліміз мемлекеттік Тәуелсіздік алған жылдары Отан тарихын сыйлайтын оқырмандар арасында кеңінен таныла бастады. Манаш Қозыбаев бастаған тарихшылар тобы тарихтың актаңдактарына үңілді. 1987 жылы ақпанда “актаңдак” терминін алғаш рет қолданылды. Манаш Қозыбаев актаңдактар қатарына қазақ халқының этногенезі, қазақ халқының жонғарларға қарсы ұлт-азаттық қозғалысы, қазақ халқының көне мәдениеті тарихы, Қазақстанның Ресейге қосылу тарихы, көшпендерілер өркениеті тарихы, қазақ халқын күшпен отырықшыландыру әдістері мен шежіре мәселелерін қости.

Манаш Қозыбаевтың көтерген үлкен мәселелердің бірі – ұлт мәсе

лесі. 1916 жылғы патшаның маусым жарлығындағыдей Қазақстаннан 1941-1945 жылдары тыл жұмысына адам алуына ол арнайы тоқталды. Ғалым өз зерттеулерінде социализм тұсында қалыптасқан ұлттық жұмысшы табы мен ауыл шаруашылығындағы механизаторлардың, зиялды қауымның соғыс жылдары жаппай мобилизацияға ілінуі ұлт саясатына қайшы деген пікірге келді. Ал өндіріске әйелдердің, оның ішінде қазақ әйелдерінің келуі шын мәнінде партияның табысы емес, ауыр еңбекке аналардың жегілуі патриоттық ұлтшылдықтан ғері амалсыздық жолы екендігіне ғалым тарихнамада тұнғыш рет мәскеуліктердің назарын аударды.

Манаш Қозыбаевтың тоталитарлық жүйенің қазақ халқының тағдырына қатысы туралы ойлары, ашаршылық пен әр мезгілде орын алған қанды қырғын жөніндегі деректі мәліметтері, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі, кеңес өкіметі тұсындағы халық наразылықтары, Желтоқсан оқиғасына байланысты дақыпты пен шындықты айыра жазған еңбектері кім-кімнің болса да көңілінен шыққаны анық. Осының өзі Манаш Қозыбаевтың ғылыми ізденістерінің егеменідікке үлес қосқанын, азаттық алған халықтың сана-сезімін оятуға әсер еткенін дәлелдейді. Манаш Қозыбаевтың зерттеулерінің негізінде Тәуелсіздік алғаннан бергі 10 жыл ішінде Ұлы Отан соғысының зардабын айтуға да, жазуға да болмайтын тұстары жария болды. Қазақстанның тарихнамасы жаңа түрғыдан зерделенді.

Тарихшы қауым Алаш деген сөзден үркіп-корқып аттонын ала қашқан кезде “Алаш – қазақ халқы деген ұғым. Алаш – еліміздің ежелгі аты. Ол ғасырдың басындағы ұлттық санасында өсу процесінің құрамдас бөлігі” деп алғаш айтқан М. Қ. Қозыбаев болды.

Қазақстан тарихнамасында Манаш бірінші болып “халқымыз қараңғы еді, мәдениеті тәмен, сорлы еді” деген тезиске қарсы шықты. “Дала этикасы ол тағдырлар этикасы емес, – деді Манаш. – Ол – көшпендерілер өркениетінің этикасы. Ол – он үште ұлды ұлан етіп жеткізген, он алтыда қызды бұландағы бой жеткізген халықтың этикасы. Ол – сұлулықты, батырлықты, парасаттылықты төбесіне көтерген халықтың этикасы”.

Қазақ... Өркениет. Бір кезде осылай салыстырмалы айтқан ғалымды

есалаң санауы мүмкін еді. Әйткені, көшпелілер өкілі –nomad – казақ – дала тағысы, варвар болып танылатын. Қазақ тарихы орыс тарихының құрамдас бөлігі, оның елесі болып есептелетін. Ол өркениетке орыс халқы арқылы қолы жетті деп уағыздалатын.

Манаш Қабашұлының жарты ғасырга жуық уақыт ішінде жазған мыңға жуық еңбегі – қыруар қазына, үрпаққа аманат, баға жетпес асыл мұра. Тарихта “Шындықты жасырып, үндемей қалу – өтірік айтқанмен бірдей қылмыс” деген қафидар бар. Академик Манаш Қозыбаевтың бар ғұмыры қазақ халқының таңылған тарихи жалғандықтарды әшкереу мен айтылмай қалған ақиқаттың көзін ашуға арналды.

2003 жылдың 30 мамырында КР Үкіметінің шешімімен Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетіне Манаш Қозыбаевтың есімі берілді. Былтыр жоғары оқу орны қабырғасында академикке арналған мұражай кешен ашылды. Онда ұлы тарихшының еңбектері, кітаптары, түрлі марағаттары, қолданған жеке заттары, тіпті мантиясы да сақтаулы. Сондай-ақ осы мұражайда университет тарихымен де танысуға болады.

Манаш Қозыбаев – көне тарихтың ауыр жүгін арқалаған азамат, ғылыми үлесінде үлкен қылым. Оның қалдырған ғылыми мұрасы жас үрпаққа зор тәлім-тәрбие беріп, Отанымыздың тарихын біліп, патриоттық сезімізді қүшейтімен құнды.

1990-шы жылы 25 қазанды қабылданған Егemenik туралы декларацияда, 1991 жылғы 16 желтоқсанда қабылданған Мемлекеттік тәуелсіздік туралы Конституциялық Занда қайраткер тұлғанын үлесі бар.

Тарихтың Тарланбозы атап дағы тарихи тұлға, академик Манаш Қабашұлы үлесінде үлкен қылым қорына қалдырған тарихи-мәдени мұрасының шуағымен оның рухы мәңгі нұрға болене беретініне сенімдіміз. Сол жарқын нұрдың аясында, тарих ғылымында болашақ қазақ елінің өркендеуі мен өрлеуі арқылы ақиқаттың асқақтайтыны анық.

Зылайхана Бимақанова,
т.з.к.

Мадина Садвакасова,
СКМУ студенті

Академику Манашу Козыбаеву 85 лет

НАУЧНОЕ НАСЛЕДИЕ АКАДЕМИКА

Манаш Козыбаев оставил после себя огромное историческое наследие, заключенное в его трудах, которые делают их автора бессмертным.

Круг его научных интересов можно сравнить с многоцветьем весеннего луга. Начав с изучения вклада Казахстана в Победу Советского Союза в Великой Отечественной войне, он постоянно расширял сферу своих интересов. Со временем ему удалось создать целостную картину истоков казахского народа, его уникальности и нелегкой судьбы в XX столетии.

Научное наследие академика легло в основу академической истории Казахстана, учебных дисциплин исторического цикла для студентов вузов, учащихся средних школ. Одной из первых книг нового поколения для общеобразовательных школ стал учебник по истории Казахстана для учащихся 10-х классов. В нем содержались уникальные архивные документы и материалы, были представлены новейшие достижения исторической науки, различные гипотезы и альтернативные точки зрения на исторические события первой половины XX века.

Научное наследие М. Козыбаева востребовано в образовательном процессе высших учебных заведений, в том числе и нашего университета, носящего имя этого выдающегося человека, тарлана отечественной исторической науки. Его труды активно используются студентами всех специальностей при изучении общего курса истории Казахстана. Неоцененную роль играет научное наследие М. Козыбаева в учебном процессе студентов специальностей «История», «Юриспруденция» факультета истории, экономики и права СКГУ им. М. Козыбаева. Они используются при изучении таких дисциплин как: «Новая и новейшая история Казахстана», «Историография и источники по истории Казахстана», «История государства и права», спецкурса «История протестного движения в Казахстане в 18-нач. 20 веков» и др.

Манаш Козыбаев доказал, что антиколониальные восстания периода протектората России в Казахстане являются звеньями одной цепи – борьбы за национальную независимость казахского народа, где восстание 1916 года является ее апогеем.

Скорбью и болью проникнуты страницы истории насилиственной

коллективизации в Казахстане, вос созданной в работе «Коллективизация в Казахстане: трагедия крестьянства» на основе новых архивных документов М.Козыбаева и его коллег, ученых-историков – К. Алдажуманова и Ж. Абылхожина. «Великим бедствием», сравнимым с джунгарским нашествием были названы авторами годы силовой седентаризации кочевников, а голод начала 1930-х годов - «геноцидом» казахского народа, так как он унес жизни 1 миллиона 750 тысяч казахов, составивших 42% всего казахского населения.

Беззаконие во времена сталинских репрессий и депортаций народов в Казахстан освещаются в трудах М.Козыбаева как позорные страницы советской истории. Горечь невосполнимых потерь лучших сынов казахского народа во времена массовых репрессий 1930-х годов слышится со страниц его работ.

Являясь образцом патриотизма, М.Козыбаев органически сочетал в себе уважительное отношение и к другим народам. В 1998 году вышел коллективный труд казахстанских историков: «Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы». Казахский народ с сочувствием отнесся к представителям различных национальностей (корейцам, полякам, немцам, чеченцам, карачаевцам, балкарцам и др.), невольно оказавшимся в Казахстане и обретшим впоследствии здесь свою вторую родину. Авторы книги осудили неправомерные действия высшего руководства СССР по насилиственному переселению народов в Казахстан и еще раз обратили внимание на характерные черты ментальности казахского народа: гостеприимство, доброту, толерантность

Старые догматические подходы М. Козыбаев отбрасывает, давая оценку декабрямским событиям 1986 года в Алмате: «В декабре 1986 года национально-освободительное движение вступило в новый этап своего развития. Оно было началом целой исторической полосы, завершившейся распадом Союза и провозглашением суверенитета республик... Казахские декабристы разбудили ото сна народы Прибалтики, Кавказа, Средней Азии. Они показали, что казахский народ – народ-боец, нация свободолюбивая». В этих словах М.Козыбаева слышится гордость за смелость казах-

ской молодежи, бросившей первой в Союзе вызов Центру.

М.Козыбаев в своих работах отставал интересы казахского языка и литературы. Он высоко оценивал роман-эпopeю М. Ауэзова «Путь Абая». «Святым ханом Кене казахской литературы» назвал М.Козыбаев казахстанского писателя Ильяса Есенберлина, сумевшего развенчать мифы оnomадах как о дикарях и варварах, всесторонне отобразить «всю палитру жизненных красок кочевой цивилизации». М.Козыбаев считает, что И. Есенберлину это удалось благодаря мужеству, таланту, истинной и глубокой любви к своему народу.

В последней статье «Монолог об Отчизне» М.Козыбаев называет период независимости Казахстана «эпохой возрождения», подчеркивает его закономерную связь с предыдущей историей, которая является составной частью истории мировой цивилизации. Он считает независимость главным достижением любого народа, так как она дает простор для реализации собственных программ и проектов. Последними его словами, в которых слышалась вера в лучшее будущее своего народа и Отечества были: «И поэтому независимость – наш главный лозунг, наш голубой флаг, наше будущее благополучие и счастье, наш наступающий светлый рассвет! Да будет благословенна наша независимость, народ наш высок и крепок духом, народ Казахстана пусть будет великим, а само государство – процветающим и богатым. Пусть наша страна станет лучшей из многих, чтобы на нее равнялись другие страны и народы, дорогие друзья!».

В его книге «Жұлдызым менің» («Моя звезда») – есть эссе «Я и история», где автор рассуждает о месте историка в скоротечном мире. Через призму истории, осмысление ее уроков человек сможет выполнить свое высшее назначение на земле. История в его понимании – это путь, пройденный предками, их победы и поражения, их дух, «который поддерживает нас в минуты испытаний». В целом, история, по мнению М.Козыбаева – святая наука

**Людмила Гривенная
к.и.н., доцент**

Академик Манаш Қозыбаевтың туғанына 85 жыл

АКАДЕМИКТІҢ ҒҰЛАМА ОЙЛАРЫ

Бірде, Манаш Қозыбаев журналистиң «Тұлға қандай касиеттерімен елден ерен, жүрттан бөлек болу керек?» – деген сұрағына, төмөндегідей жауап қайтарады: «Тұлға – интеллект, ақыл, парасат иесі. Ол өткірлігімен, тапқырлығымен, көрегендігімен, қажыма с құш-құатымен, ақыл-парасатымен, басқаша айтқанда, көсемдігінен, әділдігімен, өз мүддесін ұлт мүддесінен ұштастыруымен, ұлтжандылығымен ерекшеленген жан» – деп, жауап қатқан екен.

Елден ерен, жүрттан бөлек болған тұлғага тән қасиеттерді Манаш Қозыбаевтың ісінен, сөзінен, ойынан да байқай аламыз. Сондықтан, бұл сөздер тек тарих тарланы, тіл жана шыры, тарихтың ауыр жүгін арқалаган асыл аға, алты алаштың ұлы, шарапаты мол азамат, қадірлі де, қайран аға, жұлдызы жанған ғұлама, Манаш ағаға ғана арналғандай.

Әйгілі алаштың құрметті азаматы Манаш Қозыбаевтың сез өнеріне деген ерекше ықыласы, сез қолдану шеберлігі көзіңе оттай басылып, бойындағы рухың көтеріліп, ерекше патриоттық, ұлтжандылық сезім пайда болады. Ұлт болмысы, ұлт намысы, ұлт тілі, ұлттық мәдениет, ұлттық рух, ұлтжандылық, ұлт зиялышы, тәуелсіз ел жайлы мақалаларынан білгір ғалымның өз халқына, халқының даналығына, тіліне, діліне, болымс-бітіміне, рухына сүйіспеншілігін, жана шырлығын сезіп сүйсінеміз. Сонымен қатар, рух, азамат, ұлттық мәдениет, намыс, ұлт тілі, халық, тәуелсіздік, ұлтжандылық, Отан ұғымдарына өзінше түсінік береді. Мысалы: «Рұхтуған жер, тұған ел, ана тілі, ата тарихы, ұлт менталитеті ұғымдарымен, Отанмен тағдырлас. Ұлың рухты болса сүйікті, қызың қылышты болса бақытты. Рухты жан – Азамат-Адам, рухсызы, тұғырысызы – надан, не есалан». Азамат деген ұғымның халықтық, адамгершілік, гуманистік арқалар жүгі өз алдына. Манаш Қозыбаев осыны еске алыш, азамат сезінің магынасын жан-жақты ашып, мәнінін тереңірек үніледі. «**Азамат деген кім?**» деген сұраққа сегіз түрлі жауап береді. Соның кейбіреуін келтіре кетейік: «Азамат – деп, ата-ана, ел үмітін ақтаған, Отан сенімін бойтұмар қылып сактаған, достық сырын шашпаған, зұлымдық жолын баспаған, сегіз қырлы, бір сырлы арлы жанды айтады.

Азамат-деп қай істі болса да өнер

деп білген, өмір жолын енбек жолы деп сүйген, Отаны үшін жалынға шарпылып, отқа күйген ел перзентін айтады.

«Ұлттық намыс дегеніміз не?» деген сұраққа, «Ол – пенденің қара басының мақсатын ұлттық мұддеге бағындыруы».

«Ол – пенденің өз ұлтының шыққан тауы бік болсын деп, мәртебесі басқа халықтардан озын деп, женсіне сүйсініп, сүрінгеніне күйініп, куануы мен қаймығы».

«Ол – пенденің ұлты үшін қабырғасы қайысып, қара нардай тартқан жүктен майысып, ағынан жарылуы».

«Ұлттық намыс – қара бастың қамы емес, рудын, тайпаның зары емес, адамзаттың баласы – ұлттымыздың ұлықтығы үшін тәндігі мен елдігі үшін өтейтін әр пенденің қарызы мен парызы болса керек».

Сөздері жүргеғіне қонымды, ойына жақын, әуезді болып келеді.

М. Қозыбаев «Ұлт тілі» деген мақаласында «Барлық елді табыстыратын тілі, тағдырластыратын тарихы, сырластыратын, мұндастыратын, жырластыратын әдебиет, атамекенің тұтастығын, бүгін мен ертеңін ойластыратын, Отаның қорғауды үйімдастыратын – мемлекеті». Ендеше, тіл, тарих, әдебиет – ұлттың жаны мен каны, рухани болмысы. Тіл дамып, әдеби тілге айналған тұста, шығыстанушы Н.И. Конрад айтқандай, жаңа этнос қалыптасып, бік тұғырға қонады. Тек тіл, тарих, әдебиет бірігіп-кіріп, тұтас бір рухани материк болып ұлттық болмысты тудырады.

Оның «Тәуелсіздік жолы – үміт жолы» деген мақаласында баянды тәуелсіз ел болудың кейбір алғы шарттарының қажет екендігін айтты өтеді.

Манаш Қозыбаев өз мақаласынды: «Казақ қауымының ел тәуелсіз болған кездеі негізгі парызының бірі елін қорғайтын, жерін қорғайтын перзент тәрбиелеу, ата – баба салтын, ұлтжандылықты, ұлтқандылықты (патриотизм) бойына ана сүтімен дарыту болса керек.

Сөз жоқ, халық басына қара тұнді төндірудің пайдасы да, зияны да бар. Сондықтан да біздің осы бір қыын кезде сүйеніш, тірек боларлық факторларымыз да жоқ емес екенін көбірек айтудың керек деп ойлаймын. Ол тіректің бірі – халқымыздың ата дәстүрі, елін, тұған жерін қасық қаны

калғанша қорғау дәстүрі. Бұл ата-

баба аңсаған арман, ол – ата-баба жолы.

Тәуелсіздік жолы – қасиетті жол. Оған шығар алдында адам баласы арын да, жанын да тазарту керек, рухани сілкініс керек. Сапарға шыққанда ата-бабамыз мойнына тұмар салғандай, біздің бойтұмарымыз, имандай қуранымыз – еліміздің негізгі Заңын, оның принциптерін сақтау парыз. Ал сол принциптердің негізі – тәуелсіздік. Ел бостандығы, халық, ар бостандығы үшін жан пиде екендігін жадына сактайдын – ата тарихын.

Тәуелсіздік жолы – курес жолы. Тәуелсіздік келді, енді бәрі болады, бәрі орнына өзінен-өзі толады деп, жігерінді құм етуге болмайды. Абай ата айтқандай, мал табу жолына тұсу керек. Мал өзінен-өзі табылмайды, жатқан тастың астынан су шықпайды. Болашақ ұрпақты жасампаздыққа үррету – парыз. Жасампаздық білім мен өнер арқылы болады.

Тәуелсіздік жолы – азаматтық жол. Иемен елдің азаматы – арлы, зейінді, пейілді, патриот жан. Қазақ елінің перзентіне өз Отаның қорғау парызы екенін үл мен қызың қанына сінірер ғылым – ата тарихын, ағайын!

Тәуелсіздік жолы – үміт жолы. Біз бостандық алған елден күтеріміз аз емес. Біз тәуелсіздіктен ең алдымен балаларымызға жарқын болашақ күтеміз, орта буынға ата-баба аңсаған иғі мақсатының орындалуын күтеміз. Біз тәуелсіздіктен аға ұрпаққа әлеуметтік қорған болуын күтеміз. Біз тәуелсіздіктен кешегі социализм жарияладап, толық іске асыра алмаған тәндікті, бостандықты, еркіндікті, баршаға білім, денсаулығына қорған, көрілігіне сая болуын күтеміз. Біз тәуелсіздіктен ұлтаралық үйлесімді, татулықты, халықаралық бейбітшілікті күтеміз» – деп тәуелсіздіктің баянды болуындағы жолдарын көрсетіп, ой толғандыруы тәуелсіз ел болуымызды бағалай білуімізге, соны түсіне білімізге жетелейді. Сондықтан М. Қозыбаевтың баянды тәуелсіздік хакындағы ойлары біз үшін жүргімізден орын алатын аса маңызды өсінетке айналуы керек. Әсіресе, жас ұрпақты отан сүйіштікке тәрбиелеуде сана拉丁ида қалыптастыру басты назарда болу керек.

Жанбай Қадыров,
ф.г.к., профессор

Академику Манашу Козыбаеву 85 лет

ЕГО СУДЬБА - ИСТОРИЯ

На заре независимости, после раз渲ала СССР, был кризис в экономике и острая необходимость поиска демократического обновления, который должен был сопровождаться формированием правового государства и гражданского общества.

В тот сложный момент Глава государства Н.А. Назарбаев сумел взять на себя всю полноту исторической ответственности за будущее страны. За короткий период были проведены жизненно важные, коренные политические и рыночные преобразования, которые в свою очередь обеспечили стабильность в обществе и задали мощный импульс масштабным реформам, определившим логику развития страны.

Общественное развитие молодого государства в тот период во многом определялось активной ролью интеллектуалов, в том числе ярких ученых, изучающих его историю. Одним из таких ученых был академик Манаш Козыбаев. Научные труды академика, его гражданская позиция сыграли заметную роль в становлении новой государственности Казахстана. Его с полным правом можно отнести к когорте выдающихся ученых-подвижников.

Манаш Кабашевич Козыбаев – видный общественный деятель, подлинный ученый, последовательный борец за духовное возрождение нации. С обретением независимости нашей страны его научная деятельность ознаменовалась периодом творческого подъема, характеризующимся не только постановкой новых проблем, но и формированием нового подхода в осмыслении всего исторического прошлого страны. Он был не просто историком в научном понимании, он сам творил историю, находясь у истоков становления нашего государства.

Одновременно с научной и педагогической работой М. К. Козыбаев принимал активное участие в государственной и общественной жизни страны. В 1990-1993 гг. являясь народным депутатом Верховного Совета Республики Казахстан, принимал самое активное участие в принятии Конституции



государства, определении статуса казахского языка. С 1993 г. М.К. Козыбаев являлся членом национального Совета по государственной политике при Президенте РК, членом Ассамблеи народов Казахстана. В сложный период 1990-х годов, когда инициировался вопрос о духовном возрождении общества, о связях поколений и создании казахстанской ментальности, формировании исторического мировоззрения, он работал в комитете Верховного Совета по национальной политике, развитию культуры и языка, явился инициатором и соавтором ряда важнейших законодательных актов, заложивших основы межэтнической стабильности в республике.

Поистине общенациональное и международное значение имела деятельность М. Козыбаева в качестве президента историко-просветительского общества «Эділет». Еще со второй половины 1980-х годов по инициативе и при активном участии академика была начата масштабная работа по выявлению жертв политических репрессий 1920-1950 годов. Одним из первых шагов в 1991 году стало издание сборника «История Казахстана: белые пятна» под его редакцией. Именно в этом сборнике впервые в Казахстане публикуются статьи о депортации народов, трагедии крестьянства, пережившего насилиственную коллективизацию. В феврале 1995 г. была проведена научно-практическая конференция на тему «Насильственная коллективизация и политические репрессии в Казахстане». В октябре 1996 г. материалы конферен-

ции и воспоминания жертв политических репрессий изданы отдельной книгой под названием «Народ не безмолвствует». В течение 1996 г. общество «Эділет» провело ряд круглых столов и семинаров и итоговую научно-теоретическую конференцию, посвященную историю политических репрессий тоталитарного режима. Материалы этих семинаров и круглых столов, а также конференций изданы в виде отдельных книг. Реабилитация 125 тысяч политических репрессированных, издание многочисленных «Книг скорби», открытие памятников жертвам репрессий высоко подняли престиж республики в глазах международной общественности как правового и демократического государства.

При активном участии Манаша Кабашевича были восстановлены имена тысяч жертв репрессий, судьбы которых долгие годы оставались неизвестными для потомков. Среди них такие выдающиеся общественные деятели и представители интеллигенции, как Алихан Букейханов, Ахмет Байтурсынов, Мыржакып Дулатов, Магжан Жумабаев, Жусупбек Аймаутов, Кошке Кеменгеров, Халиль Габбасов, Жанша и Халиль Досмухамедовы, Мухамеджан Тынышпаев и многие другие. Таким образом, он внес огромный вклад в восстановление справедливости в отношении казахской интеллигенции и отмену уголовных приговоров по статье 58 Уголовного кодекса РСФСР «Контрреволюционные преступления».

1997 год Указом Президента Н.А. Назарбаева был объявлен «Годом общенационального согласия

Академику Манашу Козыбаеву 85 лет

дом общенационального согласия и памяти жертв политических репрессий». К этому времени М. Козыбаевым была проделана огромная работа по воссозданию правдивой истории периода политических репрессий. Еще одним из важных направлений его научной деятельности было изучение проблем депортаций народов на территорию Казахстана. Данная тема является актуальной для многонационального Казахстана, в котором проживает по последней переписи населения около 130 этносов.

На заре независимости бывших республик Советского Союза проблема изучения депортации стала наиболее остро, так как наконец-то появилась реальная возможность объективного познания исторического прошлого без ретуши и купюр. Однако в этом процессе большинство исследователей бывших советских республик пошли по пути изучения депортации отдельных народов, что суживало тему изучения. В этой связи академик М. К. Козыбаев отмечал, что изучение данной проблемы приняло несколько однобокий характер. Все меньше становилось обобщающих работ, а исследователи «разбрелись по национальным квартирам». Между тем, Казахстану нужны были труды обобщающего порядка, нужен был единый документальный сборник, который позволил бы исследователям, рассмотреть еди-



ный исторический процесс в динамике, увидеть его общие закономерности и особенности, обозреть с высоты конца века разыгравшуюся трагедию планетарного масштаба.

Манаш Кабашевич объединил группу казахстанских ученых, которые взялись за ответственный труд по освещению проблем депортаций в годы существования Советского государства. Кропотливые исследования академика и его коллег оформились в 1998-ом году в книгу «Депортированные в Казахстан народы», которая состоит из 6 разделов. В ней приведен значи-

тельный документальный материал о депортации народов, который, конечно, не может дать исчерпывающей картины, но, тем не менее, во многом помогает уяснить этимологию глобально-трагического явления как неизбежного спутника любой из разновидностей тоталитарных и харизматических государств.

М. Козыбаев всей своей жизнью, плодотворным творчеством доказал, что он настоящий интеллектуальный титан, ученый-патриот, последовательный борец за духовный суверенитет казахстанцев. Как писал о нем ушедший из жизни академик Салык Зиманов: «Его феномен редок и оригинален – он интеллектуал в гуманитарной сфере, наиболее изменчивой и неустойчивой области духовной жизни общества и народа. Быть общественно признанным так же трудно, как трудно добыть золото в необогащенном песке. Слова тесны, чтобы хотя бы вкратце вместились в описание ту роль академика М. К. Козыбаева, которую он занимает в научно-интеллектуальной жизни Казахского государства». Трудно поверить, но для всего этого поистине титанического труда хватило одной не очень продолжительной, но такой плодотворной и, без всякого преувеличения, подвижнической и героической жизни ученого и гражданина, отданной без остатка служению науке и родной стране.

*Нурболат Абубов,
зав. кафедры истории
и социально-гуманитарных
дисциплин, к.и.н.*



Академик Манаш Қозыбаевтың туғанына 85 жыл

ҰЛТ ШЕЖІРЕСІН ЖАЗҒАН ҒАЛЫМ

Казіргі кезде тарих атасы Геродот тарихына пікірлер айтылып жүр. Ежелгі Римнің тарихшысы Плинний жазбаларына да басқаша қарау бар. Бұлар түсінікті де секілді. Өйткені, қазіргі тарихшылар өзіне дейінгі заманды зерттеп, бүгінгі күн биігінен бағалайды. Ал олар өздерінің көріністері мен естігендерін сол заман өлшемдерімен бағалап, жазды.

Тарих – ғылымның таласты салала-рының бірі. Оған әркім баға беруге келгенде өз білім-білігі бойынша ере-кет етеді. Осы түрғыдан алғанда Кон-фуций философиясындағы бір заңдылық үстемдік құрады. Онда былай делінген: “Егер үстіндегі ақ көйлегінді біреу “мынауың қара екен” десе, үнде-ме, әлгі екінші рет келіп, солай десе, тағы үндеме. Үшінші, төртінші, тіпті, жүзінші рет әлгісін қайталаса да, “мұның қате деме”, өйткені, оған сенің көйлегің қара көрініп тұрған болуы керек”. Бұл дәл қазіргі заманға арналған секілді.

Осылардың бәрін еске алып отырған себебім тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҰФА академигі Манаш Қабашұлы Қозыбаев тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында “мынауың қара екен” деген секілді сындарды да естіді. Бірақ ол “мұның қате” деп шу көтерген жоқ. Өз жұмысын жалғастыра берді. Сонда олардың “мынауың қара екен” деген жүргендері Манаш Қабашұлының “КОКП тарихын жазушылардың” бірі болғандығы. Иә, бұл құпия емес. Манаш Қабашұлы мамандығы тарихшы болғандықтан да, өзі өмір сүрген қоғамның идеоло-гиялық екшеулері шенберінде тарих жазды. Ол өзі өмір сүрген қоғамның шежіресін жасады. Бар болғаны сол. Бұл үшін тарихшы ғалымды кінәлауға болар ма екен?! Меніңше, Мәкене “КОКП тарихын жаздың” дег айтып тағудың жөні жоқ. Ол өзі азаматы болған мемлекеттің тарихшысы болды, сол қоғамның ұстанымы бойынша шежіре жасады. Егер ол сол кезде компартияға сын айттын болса, ол мүлде жарияланбас та еді. Демек, Манаш Қабашұлы тарихшы, ғалым қызметін атқармас та еді. Шынына келгенде сол кездегі тарихшы, филолог, философ ғалымдардың барлығы да өз қоғамына қызмет етті. Бұл үшін олардың кінәлау-дың жөні жоқ. Бұл – бір.

Екіншіден, кім қалай десе де, тұтастай жетпіс жылды қазақ ұлты өмірінен де, тарихынан да сызып тас-тай алмаймыз. Егер бұл жетпіс жыл КОКП билеген кенес өкіметі тұсында болса, сол тұста не болғанын білудің өзі біздің бүгінгі және болашақ үрпа-ғымыз үшін қажеттіліктердің бірі. Кенес өкіметі мен КОКП секілді саяси

іргелі үйімді тек қара жағынан көрүге де қарсымын. Өйткені, жетпіс жыл ішінде бұл үйім жетекшілік еткен кенестер одағы біздің Қазақстанды бұрын-соңды армандай да алмаған биікке шығарды. КОКП тарихын жазушыларға кінә тақпас бұрын, бүгінгі биіктен өткенге сын айтуға әуес ғалымсымақтар осы жағын мықтап ойласып алса екен. Манаш Қабашұлы КОКП тарихын жазғанда оның біздің халыққа берген осындағы сыйы болғанын қағаз бетіне түсірді. Бұл – оның кемістігі емес, бүгінгі және келер үрпаққа ақиқатты айта алған кешенді мұрасы. Уақыт өте келе біз Манаш Қабашұлының сол мұрасына да қайта оралатын боламыз.

Өз басым Манаш Қабашұлы жазған “Қазақстан Компартиясы Ұлы Отан соғысы жылдарында”, “Қазақстан – майдан арсеналы”, “Ұлы ерлік” секілді монографиялары қазіргі кейбіреулер айтып жүргеніндей жалаң идеологиялық ұран емес, біздің ұлт бастан кешкен заманның шежіресі деп бағалаймын. Ол – КСРО ғылым академиясы жаңындағы КСРО тарих ғылымдары институтының ғалымдарымен бірігіп, “Ұлы Отан соғысындағы кенестік тыл”, “Кенестік Отандық қорғаудың қайнар көзі”, “КСРО жұмысшы табының тарихы, Ұлы Отан соғысының жылнамасы” атты кешенді еңбектерді мұраға қалдырган адам. Бұлардың қай қайсысы да біздің халық бастан өткізген килі замандар жайлы шежіре екені даусыз. Сондықтан да оларға талай үрпақ, талай тарихшы қайта-қайта үңіліп, өз заманында Манаш Қабашұлы секілді ғұлама ғалым қалдырган мұраға әділ бағасын ризашылықпен береді деп ойлаймын.

Манаш Қабашұлы Қазақстан егемендігін алғаннан соң қазақ тарихын жазуға кіріскенде де толып жатқан қарсыластар алдынан шықты. Біреулер оған “Абылай үш жүздің басын біріктірген хан болған жоқ” деген сын айтты. Енді біреулер Абылай ханың оңтүстіктері қорші елдерге жорығы агрессиялық үнітте болған әрекеттер дегенді айтты. Хан Абылайды қазақ тарихындағы жағымсыз кейіпкерлер қатарына жатқызуға тырысты. Десек те, Манаш Қабашұлының зерделеген тарихы дұрыс деген тоқтамға келдік.

Мінеки, осыдан-ақ барлық тарих ғылымның міндеті де, жауапкершілігі де ауыр деген тоқтамға келесін. Сол ауыртпалықты нардай көтерген шына-йығалым академик Манаш Қабашұлы Қозыбаев болғаны даусыз.

Біздің тарихты қазір жазып жүргендер бұрынғыларға “куйе жағуға” дайын тұрлады да, өмірдің ашы да болса шындығына екшеу жасауға келгенде әлсіздік танытып жатады. Айталық, Алаш арыстары қазір түгелдій дерлік ақталмак түгіл, макталып жатыр. Мен бұған карсы емеспін. Десек те, сол Алаш арыстарының екі топта болғаны да ақиқат қой. Мәселен, Мұстафа Шоқай бастаған бір топ Ресейден іргені мүлде аулақ аттып кетуғе үндеді. Ал Әлихан Бекейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов бастаған келесі топ Ресей Федерациясының құрамындағы автономия үшін күресті. Енді келіп үшінші топ большевиктер партиясының жағына шығып, елде социализм орнатуға қызмет етті. Бұл тарихи ақиқат. Қазіргі биіктен қарасақ, Алаштың осы бір-бірімен ымырасыз болған үш тобының да арман-мүддесі орындалған секілді. Большевиктер жағында болып, елде социализм жүйесін орнатуға қызмет еткендерді қалайша даттауға тиіспіз?! Жоқ, олар датталмай мақталуы керек. Өйткені, бізде сол кезде большевиктер партиясының соына еріп, елімізде социализм орнатып алмасақ, жоғарыда аталған иғліктердің бірде-бірі болмас еді.

Егер Ресей Федерациясы құрамындағы автономияны жақтаған Әлихан Бекейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов тобындағылардың саяси ұстанымына келсек, бұл да көрегендік болды. Әріні былай қойып, күні кешегін еске алсақ, егемендігін жариялаған Қазақстан Республикасы, ен алдымен, өмірге әкелген халықара-лық құжаттың бірі – Ресей Федерациясымен мәнгілік достық туралы декларация екенін ұмытпаған жөн. Алып та қарулы көршімен майданға шығып жеңе алмайсың. Онымен тіл табысып, өмір сүрген әлдекайда пайдалы. Ал Мұстафа Шоқай ұстанған саяси бағытты да кезінде жүзеге аспағанымен, сол замандағы болмысқа, жағдайға мүлде қайшы болғанымен, толығымен көтелік деу көрсөкүрлік болар еді. Өйткені, ата-бабамыздың ежелден ұмтылғаны – толық тәуелсіздік. Иә, бұл арман да орындалды.

Біз 1991 жылдың желтоқсанынан бері бүкіл әлем таныған және мойын

Академик Манаш Қозыбаевтың тұғанына 85 жыл

даған толық тәуелсіз Қазақстан Республикасын құрып алдық. Демек, КОКП тарихы мен Алаш тарихын бір кеңістікте қарастырсақ, бұлар бірін-бірі толықтыруши, бірін-бірі жетілдіруші деген дұрыс тұжырымға келе аламыз. Тек негізгі идеялар кезең-кезеңмен уақыты келген кезде, әбден пісіп жетілген кезде болмысынан көрініс тапты. Одан біз үтпасақ, үтілған жоқпыш. Әрі берідесін Сталин, Голощекин тұсындағы құғын-сүргін туралы да КОКП, социализм секілді шартты ұғымдарды кінәлауға болмайды гой. Олай дейтін себебім, сол кезде құғын-сүргіннің құрбаны болғандар біз айтып жүрген санаулы, сауатты арыстар тобы ғана емес, қарапайым адап шаруалар да атылып кеткені, иттіккенге айдалғаны баршаға белгілі. Ал оларды Сталин түгіл, Голощекин де көрмеген, танып-білмеген еді ғой. Демек, Қазақстандағы құғын-сүргіннің соншалықты мол көлемдегі қанды қырғынға ұласуына тікелей өзіміз кінәліміз. Мұны неге мойында-маймыз?!

Егер келер ұрпақ аман болсын, тәуелсіздік пен бейбіт өмір баянды болсын десек, қазақ ең әуелі бірін-бірі көр-еалмаушылық, жікке бөлінушілік секілді жаман әдеттерден арылуы үшін де біздің тарихымызда болған сондай ақиқаттарды бұрмаламай ашық айтайық. Қазіргі қазактың басым бөлігі ұлт ұстазы Абайдың “Бірінді қазақ, бірін дос, көрмесен істін бәрі бос” деген өсietіn жаттап есті десем қателеспесін. Солай бола тұрса да, өткен ғасырдың отызыншы жылдары түгіл, қазірдің өзінде ұлт ұстазының осынау өсietіn жаңалықты орындаған жүрміз деп өзімізге-өзіміз сұрап қойып, өмір сүре алсақ, сонда ғана ұлт мереі үстем болады. Біздің кейбір тарихшы сымқатар осы жағын айтуда келгенде үні шықпайды да, өткенді қаралауға келгенде жағы талмайды. Мұндайда шіркіндер-ай деуден басқа амал жок.

Иә, біздер – екі қоғамда, екі Қазақстанға қызмет еткен ұрпақ екіліміз. КОКП билеген Кенестер Одағы құрамындағы Қазақстан Республикасының тарихын жазғанда мұндағы компартия істеген әрекеттердің бірде-бірін “кәте” деп ешкімнің қолынан келмейтін. 1930 жылдардагы аштықтың өзін “компартияның қатесі” деуге болмайтын. Ол түгіл, патшалы Ресейге қарсы шықкан Кенесары Қасымовтың өзін “ұлтазаттық көтерілістің басшысы” деген Ермұхан Бекмаханов айдалған болатын. Мұндайда тікелей КОКП нұсқауымен болған оқығалар

дын нәтижелерін “кателік еді” деу мүмкін еместігін санаңы бар адам түсінетін шығар. Осыны біле тұрып ғалымдарымызды айыптау “биткө өкілелеп тонды отқа өртеу” болып шықпай ма? Кезінде шу көтергендер басылған секілді. Шамасы өмірдің осынау ашы шындығын түсін-гендіктөрі болар. Қай кезеңдегі қай сыйнышы болса да Манаш Қабашұлына “ғалым емессің” дей алған жоқ. Себебі, олардың қай қайсысы да Мәкенің сұнғыла білімді жүйрік ғалым екенін білетін, мойындаған болатын.

Қазақстан тарихын жазуға ұлттық ғалымдардың бері дерлік қатысты. Бірақ солардың ішінде Манаш Қабашұлы зерттеген тақырыптар өзінің қүрделілігімен, ауқымдылығымен, маңыздылығымен ерекшеленетін. Тәуелсіздікке қол жетпей тұрып-ақ, Манаш Қабашұлы әлі ақталып үлгірмеген арыстарымыз жайлы келелі ойлар айтқан мақалаларын жариялады. Сөйтіп, қазактың ұлттық рухын оятуға қозғаушы күштей әсер етті.

Академиктарихы Манаш Қабашұлы Қозыбаевтың тындырып кеткен еңбегіне үçілсек, оның білімі мен күш-жігеріне қайран қаласын. Ол – тарихшы-ғалым ретіндегі ұлттына, мемлекетіне адап қызмет етеді алған ұлдардың бірі. Мен Манаш Қабашұлымен жақсы араласқан адаммын. Әңгімеміз де жарасуши еді. Сондай кездердің бірінде: “Санап отырсам 780-дей ғылыми еңбек жазған екенмін. Бұл аз ба, көп пе?”. Мәкенің еңбегі де, ол өзек болған мына сұрап та мені ерекше таңғалдыры. Ерінбей еңбек ету жағына келгенде мен де ешкімнен кем емес едім. Бірақ тарихшы-ғалымның осындағы ұлт шежіресі жайында сұнғыла білімді, ал еңбек етуге келгенде зор күш-қайратқа ие адам екенін көрсетіп тұрған жоқ па?

Өмірден озарының алдында Манаш Қабашұлы “Қазақстан тарихын” жазу жұмысына жетекшілік етті. Орайы келгенде айта кетейін, дәл осы кешенді еңбектің экономикаға қатысты белімінде Манаш Қабашұлының тапсырысымен менің де мақалаларым жазылып, басылған болатын. Бес том болуға тиісті сол кешенді еңбектің үшінің Мәкенің көзі тірісінде жариялануы оның тәуелсіз еліне қызмет етуге келгенде нардың жүгін арқалайтын нағыз алып тұлға екенін көрсетсе керек. 2000 жылы Мәкенің “Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски” деп аталағын екі томдық монографиясы жарық көрді. Бұған коса 9-сынып оқушылары үшін орыс-

ша-қазақша “Қазақстан тарихын” жазып, баспадан шығарды.

Сондай-ақ, Манаш Қабашұлы тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан тарихындағы “Ақтаңдактар” деген таңбамен енген кезеңдерге қайта үçіліп, кезінде бүкіл оқырманның ыстық ықыласына бөлөнген тамаша ғылыми-зерттеу мақалаларын жариялады. Олардың қатарында: “Голощекин. Саяси портрет”, “Сталин және Қазақстан”, “Хрущев және Қазақстан”, “Брежnev және Қазақстан” атты кешенді еңбектер болды. Отанымыздың тарихына, өміріне, болмыс-бітіміне ерекше әсер еткен сол бір кезең, сол бір ірі саяси тұлғаларға Мәкен сөйтіп қайтадан оралып, XXI ғасыр биғінен сол кездердің болмыс-бітіміне өз бағасын беріп шықты. Оның Абылай хан, Кенесары, Бұқар жырау, Абай, Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан, Мәлік Фабдуллин, Илияс Есенберлин, Салық Зиманов секілді ұлттымыздың біртуар таланттарына берген әділ бағасы да оқырман көкейінен шыққан тамаша дүниелер екені даусыз.

Манаш Қабашұлының артында қалған мол мұрасына келетін болсақ, ол талай ұрпақтың игілігі болатын дүниелер деп ойлаймын. Өйткені, адамзаттың саналы тобы әрқашанда “мен осы қайдан шықтым, ата-бабам кім еді, ұлттым қалай пайда болды?” деген сұраптарға жауап іздеді. Сол кезде олардың қай қайсысы да тарих ғылымындағы Манаш Қабашұлы Қозыбаев деген алыпшен жолығады.

Ол дүние салғанда отандық бұқаралық ақпарат құралдары “Қазақстанның тарих ғылымы орын толмас қазаға душар болды”, – деп жазды. Иә, оның өмірден озуы бізді осылайша ойсыратып кетті. Десек те, Манаш Қабашұлы Абай айтқандай: “Өлді деуге бола ма айтыңдаршы, өл-мейтұғын артында сөз қалдырган” деген ғақлия арналатындар тобына жататын тұлға. Біз және бізден кейінгі талай ұрпақ онымен тарих беттерінде кездесіп, ұлт шежіресін шын түсінуде ғұламағалымды өзінің ақылшы абызына айналдырыры сөзсіз. Манаш Қабашұлы Қозыбаевтың тарихы – тұтастай ұлт шежіресі.

Сагындық САТЫБАЛДИН,
экономика ғылымының докторы,
профессор, ҰҒА академигі,
Қазақстан Республикасының
еңбек сіңген қайраткері.

Академик Манаш Қозыбаевтың туғанына 85 жыл

ТАРИХШЫ, ОЙШЫЛ, ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ

Манаш ағамыздың айтқан сөзі бар: «Ұлттың рухты болса, ұлын ұлыкты болса тарихшы оны жаза алмаса, тарихтың сырын таба алмаса-ол тарихшы емес, ол тек оның елесі ғана». Ұлттың рухын жырлауға, ұлын ұлыкты етіп тәрбиелеуге, тарихтың сырын шертуге академик Манаш Қозыбаев өзөмірін ариған.

Ұлы ғалымның жеке тұлға ретінде қырлары өте кең және ауқымды. Ол өзінің өмірлік жолымен кәсіби тарихшы қандай болуы керегін көрсете білді. Кәсіби маман борышын адаптацияның орындаған. Тарихшылардың жас буыны одан өзінің болашақ мамандығының барлық қыр-сырларын үйренуітиң. Ол ағартушылық қызметімен айналысты, Қазақстанның ғылыми тарихи ой-санасын ұйымдастырушы және сақтаушы, бұқаралық ақпарат құралдарында белсенділік танытқан. «Тарихшы, идея генераторы, ойшыл, қоғам қайраткері ретінде Манаш Қабашұлы Қозыбаев отандық және әлемдік ғылымда дәл осылай қабылданды» - деп ол туралы Карл Молдахметұлы Байпаков жазды.

Оның терен және талапты ақылойы барлық ғылыми қоғамға белгілі болған. Ғалымдың біз біріншіден әріптес ретінде қабылдасақ, функционалдық міндеттері негізінде шектелмей, оку шенберінен әрі өзінің қызметтік міндеттерін қатар атқарды. Сондықтан ғылыми қоғамдық өмірдің түрлі салаларында табысқа жетіп отырды. Өмірдегі ғылыми табыстары бір рет мәңгілікке және терең сүйіспеншілікпен таңдалған мамандықпен байланысты болған.

Бір мезгілде ғылыми, ғылыми-ұйымдастырушылық және педагогикалық жұмыспен қатар М.Қ. Қозыбаев еліміздің мемлекеттік және қоғамдық өміріне де белсене ара-ласты. 1989 жылы КР ҰҒА мүшесі болып сайланып, академик атағын алды. 1990-1993 жылдары КР Жоғарғы Кеңесінің халық депутаты болып, Конституция қабылданар кезде қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін айқындау қажеттігін айтқан. 1993 жылдан М.Қ. Қозыбаев КР Президенті жанындағы мемлекеттік саясат жөніндегі ұлттық Кеңестің мүшелігіне қабылданып, Қазақстан халық тарыхы Ассамблеясының мүшесі болды. Қазақстан Республикасы Жоғарғы кеңесінің ұлттық саясат, мәдениет және тілдерді дамыту жөніндегі



комитетте істей жүріп, депутат Қозыбаев этносаралық тұрақтылықты негіздеуде маңызды заңнамалық актілердің қабылдануының бастамашысы және авторы болды. Ғалым М. Қозыбаевтың бастамасымен және басшылығымен 1995 жылы тарихи сананы қайта қалыптастыру жөнінде тұжырымдама әзірленіп және жоғары деңгейде қабылданды.

Бүгінгі күні қоғамның рухани жаңғыруы туралы сұрақ туындаپ, ұрпақтар жалғасы болатын қазақстандық менталитет, қазақстан ділін қалыптастыру және құру тарихи фактор ретінде түсіндірілуде.

Шын мәнінде М. Қозыбаевтың "Әділет" тарихи-ағарту қоғамының президенті қызметін атқаруы жалпыұлттық және халықаралық маңызды болды. М.Қ. Қозыбаев соңғы жеті жыл "Әділет" тарихи-ағарту қоғамының төрағасы болды. 125 мың саяси күғын-сүргін құрбанда-рын ақтау, көптеген қайғы-қасірет кітаптарының басылымға шығуы, күғын-сүргін құрбанда-рына ес-көрткіштер ашу Қазақстан Республикасының құқық және демократиялық мемлекет ретіндеңігі беделін халықаралық жүргішілік алдында күрт көтеріп жіберді.

Бәлкім, М.Қ. Қозыбаевтың мемлекеттің тарихи және қоғамдық

өмірінің ең өзекті мәселелерін айтып, сөз сейлемеген бұқаралық ақпарат құралдары мен мерзімді баспасөздерге жазылмаған басылымдары жоқ шығар. Академик М.Қ. Қозыбаев X Халықаралық тарихшылар конгресі, XIX Халықаралық әскери тарихшылардың конгрессі, Орталық Азия елдерінің (ЮНЕСКО—Тегеран) халықаралық мәдени және ғылыми ынтымақтастық, Мәскеу, Ленинград, Ташкент, Самарқанд, Киев, Минск, Бейжің, Анкара, Стамбул, Париж, Үрімші, Шанхай және т.б. қалаларда өткен көптеген халықаралық конференциялардың қатысушы.

Академик М.Қ. Қозыбаевқа үлкен және жауапкершілік мол шығармашылық жүктемені алғып жүргүгө батыл қиялы кедергі жасамады. Оған ресми және әр түрлі және ғылыми сатылардағы көрнекті ғылым мен мәдениет қайраткерлері форумдарда, мерейтойларда сөз сөйлеп, баяндама жасау ұсыныстарымен жүгінді. Ол шамамен ешкімді кері қайтармады және өзінің әр сөз сөйлеуіне байыптылықпен және жауапкершілікпен қарады. Оның 2000 жыл мен 2001 жылдың бірінші жартысындағы шығармашылығының тізіміне қарасақ, ғалым осы қысқа уақыт аралығында 5 рет халықаралық және ұлттық ғылыми, ғылыми-практикалық конференциялар және съездерде баяндама жасаған, сондай-ақ академиктер Сәтбаев, Баишев және басқа да, мемлекеттік және қоғамдық қайраткерлер - Абылай хан, Жалаңтөс Бахадурге, М.Р. Сағдиев және т.б. макалалар жазумен айналысты. «Қанша рет күзегер болдым көз жүмбай екі-үш тұні бойы берілген тапсырма бойынша мәнді, тарихи-саяси өте күрделі мазмұнды ғылыми мәтін, баяндамалар жазуға тұра келді. Оны еңбекке керемет қабілетті және ұйымдастырушы ғалым және адам деп қорықтай осы сөздерді айта аламын» - деп өз естеліктерінде академик Салық Зиманов жазған.

Манаш Қозыбаев нарықтық реформалар жүргізу барысында қоғамдағы ғылыми потенциялдың және зияткерлік әлеуеттің беделінің төмендемеүіне көп еңбек сінірді.

Академик Манаш Қозыбаевтың туғанына 85 жыл



Бірнеше рет Елбасының қабылдауында болып, бұқаралық ақпарат құралдарында белсенділік танытып, ең лауазымды деген басшыларды қабылдауда болды. Еліміздің экономикалық жаңару жолында ғылым мен мәдениеттегі кадр үйімдестеріру потенциалын сақтап қалды. Мысал ретінде Қазастан Республикасының Президентінің мұрағатын ашуы нақты факт. 1991 жылы Коммунистік партия таратылып, оның мекемелерін жаңадан үйімдестеріру қажет болды. Қазіргі тарих бойынша мемлекеттік Орталық тарихи мұрағатты үйімдестеріру үшін, оның негізін құраған бұрынғы партия Секторының мұрағатындағы құжаттарды ретке келтіру мәселесі, мұрағаттанушылардың көп уақыты мен қажырлы еңбектерін талап етті. Осы кезде Қазақ КСР Жоғарғы кеңесінің депутаты Манаш Қабашұлы Қозыбаев көмекке келді. Ғалым бірден сол кездегі белгілі қоғамтанушы ғалымдарға депутаттық сауал жіберіп, ҚТМОМ дағы құжаттар коллекциясының берегейлігі жайлы «Казахстанская правда» газетіне хат жолдап мұрағатты жинақтаудағы бірнеше проблеманы жазады. Хат 1993 жылдың 30 қаңтар айында жарияланған болатын. Бұл мақала Қазақстан Республикасы Президентінің Мұрағаты жаңа мекемесінің пайда болуы карсанындағы бірқатар проблемалардың шешілүіне куатты серпіліс берді. Бұл мысал ұлттық тарихқа деген шынайы азаматтық жауапкершілік емес де?

Ғалым Орталық Азия, ТМД, Еуропа және Америка елдерінің ғылыми

ми үйімдарымен белсенді қатынасты қолдады. 1996 жылдың казан айында М. Қозыбаев Мәскеуде Ресей тарихы Институтының директоры А.Н.Сахаровпен екі ел арасындағы РFA ғылыми академиялық мекемелерінің ынтымақтастыры туралы шартқа қол қойды. Осылайша академик республиканың ұзақ онжылдықтар бойы бірлескен тарихи ғылыми әлеуетін сақтауды ойлады.

М. Қозыбаев ҚР Қарулы күштері әскери академиясындағы ғылыми кеңестің мүшесі болып, тыңдаушыларға, курсанттар және адъюнктарға Қазақстан тарихынан сабак берді. Мектептердегі тарих пәні мұғалімдері әлі күнге дейін оның республикалық педагог кадрлардың дағында институтындағы дәрістерін еске алғып жүреді.

М. Қозыбаевтың отандық тарих ғылымындағы қоғамдық қызыметі жоғары марарапатқа ие. Ол (1970) Ш. Уәлиханов сыйлығының лауреаты. ҚР Мемлекеттік сыйлығының (1995), Президенттік бейбітшілік және рухани келісім (1997) иегері. Сонымен қатар "Семей" университетінің, Қарағанды медициналық академиясының, Қостанай, Қызылорда, Атырау, Солтүстік Қазақстан университеттерінің құрметті профессоры болып сайланды (1999), Мендіқара ауданы және Қостанай қаласының құрметті азаматы.

Манаш Қозыбаевтың өз мамандығына деген сүйіспеншілігі мен терен көзқарасы жайлы айтылған Сағымбай Қозыбаевтың сезімен келіспеске болмайды: «История была его ежесекундной жизнью, его тре-

петной ланью, его страстью. Как настоящий ученый он отдал ей себя без остатка, оставив за собой подлинную историю Казахстана».

Академик М. Қозыбаевтың тарихтағы қызыметінің маңызды осы болатын. Қазір тарихшы еңбегі күрметтеделуде. Себебі ұлттың тарихи жадын, тарихи шындықты қалпына келтіруде тарихшы ғалымдар қоғамның алдыңғы шебінде тұрады. Ұлттық тарихымызды зерделеуге біз үлкен қоғамдық жауап-кершілікпен карауымыз қажет. Халықтың тарихи жадының қалпына келуінің артында академик Манаш Қозыбаевтың тұрғанын ешқашан ұмытпауымыз қажет.

Ағамыздың айтқан ойы өзінің де өмірлік қағидасына айналды. «Зиялыштардың ерекше тобы болашаққа мензеп, Отандық деңгейдегі ұлы істерге себепші болады. Кітап жазса ұлттық идеяны шығармаға арқау етеді, болашақ ойшылдарға ойтұртқы болатын проблемалар көтереді. Зиялыштар ұлттың жай қаймалы емес, балқаймағы, оның мәні де сәні де. Жанар тау сияқты, су ішінде атып жатқан қайнар бұлақ сияқты, жасампаздыққа жол салатын ұлт элитасы осылар». Ұлттық тұлғалардың білігіне жеткен Манаш ағамыздың қоғамдық және саяси саладағы еңбектеріне ерекше тоқталған жән.

*Зауре Картова,
тарих, экономика және құқық
факультетінің деканы,
м. ғ. к.*

Академик Манаш Қозыбаевтың туғанына 85 жыл

ОТАН ТАРИХЫНЫҢ ІРГЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕРИ

«Ерім деп еміренетін ел болмаса, елім деп езілетін ер қайдан болсын» – деген халқымыздың бұл даналығының астарында қанша мағына жатқаны баршамызға түсінікті. Бұл, ер-азаматтардың ерен еңбегін лайықты бағалай білу қажеттігі қоғам дамуының қай кезеңінде болмасын маңызды екенін көрсетеді.

Бүгінгі жынын бірегей тарихшы ғалым академик Манаш Қабашұлы Қозыбаевқа арнап жыл сайын дәстүрге айналған ғалымдардың бас қосуы, Отан тарихының іргелі мәселелері бойынша жинақталған ой-тұжырымдарды ортаға салу, теориялық-әдістемелік негіздерін жанжақты пайымдау.

Қазақ халқы өзінің сан ғасырлық тарихында талай нәрсені басынан кешірді. Сонау алтынмен әрленген Қасым, Хақназар, Тәуке, Абылай хандар билік құрған кезде қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған дәстүрлі қазақ қоғамынан бастап, жерінді жегідей жеген жонғарлармен арпалысты, «бөліп алда билей бер» саясатын жүргізген патша үкіметінің отарлау езгісіне қарсы тұруға мәжбүр болды, әпербақан кеңестік зұлмат пен қасіретті көтере білген халқының қаншалықты рухының биік екендігін бүтінгі жағдайы дәлелдеп отыр. Осында қысылтаяң кезеңдерде елі, жері, халқы үшін жаңын беретін халқымыздың аяулы ұлдары мен қыздары қай кезеңде болмасын қалып buquerqueның арасынан сұрылыш шыға білді.

Елі мен жерінің азаттығын ансаған алысқа бармай-ақ кешегі XX ғасырдың басындағы аласаптыран кезеңде Әлихандай, Ахметтей, Смағұлдай, Міржақыптай саңақтарымыз Алаш туын көтерсе, Кеңес үкіметі үстемдік құрып тұрған кезде Жұмабек Тәшебнов, Нұртас Ондасынов, Дінмұхаммед Қонаев, Бәйкен Әшімов сияқты ел ағалары халқының қамын жеді.

Дәл осы кеңес қоғамында тоталистарлық сыңаржақ саясатқа негізделген бұрманланған, жұлданланған тарихымыз жазылды. Тұңғыш тарих ғылымдарының докторы дәрежесіне жеткен ғалым Ермұхан Бекмахановты Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісті дәріптегені үшін 25 жылға бас бостандығынан айырды. Осында қатыгездіктен кейін қандай ғалым шыныайы тарихты жазсын. Сондықтан, тәуелсіздікке дейінгі жазылған тарихты қайта қаруа, ғылыми негізделген теориялық-әдіснамалық



тұрғыдан зерделеу мәселесі тек тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін ғана мүмкін бола бастады. Әрине, бірден түбекейлі өзгертіп тастау деген тым қыын дүние. Дегенмен, дәл сол өтпелі кезеңде Отан тарихын зерделеу бағытында салиқалы бетбұрыс болды. Ол өзгерістер тарихшы ғалым М.Қ. Қозыбаевтың есімімен тығыз байланысты.

Ол бір-біріне мұлдем ұқсамайтын екі дәүірде өмір сүрді. Ғалымның шығармашылығын саралап қарасақ, дәүірлер арасындағы айырмашылық оның ғұмырнамасы мен шығармашылық мұрасынан айқын байқалады. Дегенмен, дәүір ерекшеліктері ғалымның ізденісті еңбектерінің мазмұндық құндылығына айтарлықтай әсер ете коймағандығын оның кешегі қандықол кеңес кезеңінде де өткір ой-тұжырымдарын өз туындыларында сомдай білген.

Өмірінің негізгі бөлігін кеңестік дәүірде еткізген бірегей тарихшы сол қоғамның талай әділестіздігінен опық жеген кездері де болды. Мәселен, жандайшаптардың ұйымдастыруымен 1973 жылы М. Қозыбаев пен З.А. Голикова бірлесіп жазған «Золотой фонд партии (из опыта кадровой политики КПСС)» монографиясын «тезге» салу басталды.

Еңбекте басшы партия кадрларын қалыптастыру кемшіліксіз еместігі, қажетсіз қайта құрулар мен кадрлық ауысулар ұйымдастырушылық қарым-қабілетті ашуға бөгесін екендігі айтылған еді. Осыны тілге тиек еткендер жеңіл-желі сұнаушы-

ларды жоғары жаққа құбыжық қылыш көрсетуге тырысты. Ақыры, Қазақстан Компартиясының XIV съезінде кітап Д. Қонаевтың аузымен синалып, автор басына тұған ауыр күндер 1979 жылға дейін созылды.

Бастапқыда ғылымдағы ізденістерін өлкетану, Қазақстанның Ұлы Отан соғысындағы женісіне қосқан үлесін зерделеуден бастаған М. Қозыбаев біртіндеп ғылыми зерттеу аясын кеңейтіп, қазақ халқының шығу тегінен бастап, оның өркениеттегі орны, XX ғасырдың қасіретті тағдыры туралы тұтас, кешенді де маңызды, мазмұны терең тұжырымдар жасады.

Сонымен қатар екі қоғамдық кезеңде өмір сүріп, тарих ғылымының дамуы мен жаңа ауыспалы кезеңінде талаптарына сай жазылған зерттеулерінде қазақ халқының тілі, ділі, діні, мәдениетінің өзекті мәселелері қаралып, кешегі кеңестік қоғамдағы жалпылама бірегейлендіру жүйесін бұзып, қазақ халқының өзіндік, ұлттық болмысын айшақтауда да академик М. Қозыбаев тарихшылардың көшбастаушы ғана емес, өз ғылыми шығармашылығымен де ерекшеленді.

XX ғасырдың соңғы он жылдықтағындағы республикадағы қоғамдық пікірді қалыптастыруға ықпал етегін қоғамтанушылардың алдыңғы қатарына шыққан ғалым-кайраткердің жоғары деңгейге көтерілуіне соғыс және бейбітшілік, өлкені социалистік түрде модернизациялау, Отан тарихын әлеуметтік-экономикалық формациялар мен өркениеттік талғам мен талап негізінде, аға буын тарихшылардың еңбектеріне сүйеніп, жаңа деректеме көздерін пайдалана отырып зерделеу, қазақ халқының шығу тегі, қазақ мемлекеттігі, үш жарым ғасыраға созылып, Ұлы Отан соғысына ұласқан қазақ-жонғар қарамақарсылығы, ұлттымыздың 260 жыл Ресей империясының, Кеңестік Ресейдің қоластындағы отарлы ел болған болмысының тарихын жүйелі түрде саралап, ғылыми-теориялық тұрғыдан талдап, Отантану ғылымын жаңа сатыға көтерді.

Біздің бүтінгі тарқатар ойымыздың басты мақсаты осынау отандық тарихтың әрқылы проблемаларына айналған шығармаларының жазылу ерекшелігі және көпшілік қауымның қызығушылығын тудыру қасиеті неде деген сауалға жауап іздеу.

Академик Манаш Қозыбаевтың туғанына 85 жыл

Ең алдымен, академик Манаш Қозыбаев еңбектерінің мазмұнының терендігі мен ондағы жасалынған тұжырымдардың құндылығында болса, екіншіден барлық еңбектерінің академиялық деңгейде және публицистикалық, яғни ғылыми-қазақи тілде жазылуында.

Азаттық таңы атысымен Кенес дәүірінің тарихы ауқымынан шығып, әлемдік тарихи үдерістер мен өркениеттегі қазақ халқының орнын анықтауға күш салды. Ата тарихты дәүірлеу, қазақ хандығы мен мемлекеттілігінің тағдыры, ұлт зиялышарының елі мен жерінің, халқының тәуелсіздігі жолындағы қаресі, әр ғасырдағы ұлттық тарихи тұлғалар бейнесі, Отан тарихының тарихнамасы мен деректануы – міне, осының бәрі жаңаша ойлау биігінен талданды. 1980-жылдардың екінші жартысынан ол саяси құғын-сүргіннің құрбандарын анықтау және оларды ақтау жолында жалпы мемлекеттік маңызы бар көлемді де жүйелі жұмыстар жүргізді. Бұл еңбектің қорытындысы кезінде Алашорданың туын көтерген қазақ халқының аялы азаматтары ақталып, энциклопедиялық жинаққа енгізілді. М. Қозыбаев Алаш зиялышарының халқына жасаған ұлан-ғайыр еңбектерін болашак ұрпаққа жеткізу өзінің тарихшы ғалым ретінде парызы екендігін мына бір толғанысынан білдіреді: «Өлім екі түрлі. Бірі – табиғи өлім, екіншісі – рухани өлім. Біздің мақсатымыз шын мәніндегі тарихи тұлғаларды рухани өлтірмеу».

Ал, 1990-жылдардың бас кезі отандық тарих ғылымында ұлт-азаттық қозғалыс тарихына байланысты, соның ішінде Кенесары Қасымов, Жанқожа Нұрмұхамедов,Әбдіғаппар Жанбосынов бастаған ұлт-азаттық қозғалыстары және Алаш қозғалысы мен Алашорда автономиясына қатысты тыңғылдықты зерттеулер жүргізілуімен, сөйтіп объективті шындықты қалпына келтіруде елеулі жұмыстар атқарылуымен ерекшеленді. Сонымен қатар осы кезеңнен бері Қазақ хандығының тарихы жонғар шапқыншылығына қарсы қазақ халқының Отан соғысы, Абылай ханның өмірі мен қызметі туралы және тарихымыздың басқа да езекті проблемаларына байланысты ауқымды зерттеу жұмыстары жүргізіліп келеді. Соғыс он жыл ішінде осындай күрделі де аса қын ізденістер мен зерттеудердің барысында М.К.Қозыбаев «История и современность», «Ақтандактар ақиқаты», «Жауға шаптам ту байлан», «Тарих



зердесі» (2 томдық), «Проблемы отечественной истории: методология, историография, и источники» (2 томдық), «Труд во имя победы» және тағы да басқа еңбектері дүниеге келді.

Мемлекеттік тәуелсіздіктің жарияланумен Отан тарихын дәүірлеу мәселесін кешенді көтергендердің тұнғышы академик М. Қозыбаев еді. 1992 жылы дүниежүзі қазақтарының бірінші құрылтайында оқыған баянда масында ол тоғыз дәүірді қадап-қадап көрсетті: 1. Адам баласы қазақ сахара сында пайды болып, өмір сүрген тайпалар белесі; 2. Сақ, ғұндар заманы; 3. Түркі текстес тайпалар дәүрені; 4. Қыпшақ белесі; 5. Монгол үстемдігі; 6. Қазақ хандықтары: халық, ұлттың қалыптасуы; 7. Отаршылдық бұғауында; 8. Қазақ халық кенес империясының үсында; 8. Қазақ халық егemen ел болған шағында. Осылайша ғалым дәүірлеудің ұстанымына алдымен әлеуметтік факторды – тайпалардың алмасуын, екінші кезекте ұлт пен мемлекеттік факторды, үшінші кезекте тәуелсіздіктен айырған сыртқы факторлар жүйесін, ең сонында бүгінгі дәүірдің басты өлшеміне азаттықты алған еді.

Академик М. Қозыбаевтың шығармашылығындағы тағы бір ерекшелік – ұлтжандылық пен ұлттық мұдде жолында қызмет етудегі азаматтық бейнесінің өз еңбектерінде айқын сезілуі. Сондықтан М. Қозыбаев бір жағынан «Ұлт болмысы», «Ұлт намысы», «Ұлт тілі», «Ұлттық мәдениет», «Ұлттың рухы», «Ұлтжандылық» сияқты мемлекет күруда ең қажетті де қасиеттер үғымдарды ұлттық мұдде тұрғысынан түсіндірудің жолдарын қарастыраса, екінші жағынан Тәу-

елсіздік жолы – үміт жолы», «Тәуелсіздік даңғылы», «Тәуелсіздік рухы», «Тәуелсіздік самалы», «Егемендік декларациясы – тәуелсіздіктің алдыңғы баспалдағы», «Тәуелсіздік толғаныстары», «Халқым, қайда барасың?», «Қандай елміз? Қандай болуға тиіспіз?», «Аман болсын халқымыз» – деп тәуелсіздік тарихын мейірлене зерделеді. Ұлт әлітасы – қайраткер, жасампаз, дауылпаз жан. Қайраткелік ұлы істе танылады. Ұлы іс халық мұддесінен туындаиды» – деп азаттық жолындағы қазақ халқының мұддесі үшін құрескен азаматтардың тұлғалық қасиеттеріне шынайы баға береді.

Ғасырлар тоғысында III. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтын басқара жүріп ұлттық тарихнамасаға салған екі олжасын айрықша атап өткеніміз ләзім. Бірі – «Қазақстан Республикасында тарихи сананы қалыптастыру тұжырымдамасы» (1995 ж.), екіншісі – бес томнан тұратын «Қазақстан тарихы» академиялық басылымының алғашқы үш томын жарыққа шығаруы. Тұжырымдамада тарих білімінің негізгі басымдықтары, тарих ғылымының өтпелі кезеңдегі басты мәселелері мен оларды шешудің мүмкін бағыттары, тарих білімі мен оқу-ағартуды реформалау жолдары дәйектелді.

Енді міне, М. Қозыбаев аңсаған күнде де туды. Мемлекет тараапынын тарих ғылымына назар аударылып, мұны жай ғана ғылым ретінде немесе мамандық тұрғысынан қарамай, бүгінгі жаһандану кезеңдегі еліміздің іргетасын бекем ұстайтын тұтас идеологиясының негізіне айналдыру қажеттігі туындағы. Осы бағытта Елбасының «Қазақстан – 2050: бір мақсат, бір мұдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Мәңгілік ел» идеясы көтерілуі, және «Халық тарих толқынында» Мемлекеттік бағдарламасының қабылдануы ұлттық тарихты зерделеуге, насиҳаттауға жағдай туғызды. Отан тарихын зерделеу және насиҳаттау арқылы білім алушы жастардың бойында патриоттық сезімді қалыптастыру, «Мәңгілік ел» ұлттық идеясын бойларына сіңіре отырып еліне, жеріне, халқына адал қызмет ететін азаматтарды тәрбиелу бүгінгі қоғам алдында тұрған басты міндет.

Академику Манашу Козыбаеву 85 лет

МНОГОГРАННАЯ ЛИЧНОСТЬ В КАЗАХСТАНСКОЙ НАУКЕ



Начав трудовую деятельность в годы второй мировой войны в далекой глубинке, он всегда стремился к получению классического образования. Жажде знаний во многом способствовало домашнее воспитание в духе почитания народных традиций и обычая. Время выбора своего жизненного кредо совпало у Козыбаева с завершением правления одной из самых жестоких диктатур – «сталинщины». Это наложило свой отпечаток на мировоззрение молодого ученого. Начав научно-профессиональную деятельность с проблем изучения вклада Казахстана в победу во Второй мировой войне, он постепенно расширяет круг своих научных интересов, стремясь создать целостную картину истоков казахского народа, его этнической неповторимости и трагической судьбы в двадцатом столетии. Одновременно велась напряженная работа по отстаиванию интересов казахского языка и культуры, поднятию престижа исконно казахской истории и распространению исторических знаний в условиях тотальной унификации советского общества.

К началу семидесятых годов док-

Северный Казахстан дал миру много известных и ярких имен, в том числе мы можем назвать и академика Манаша Козыбаева. Наверное, сама природа лесостепных просторов благоприятствует рождению людей с незаурядным складом ума. Творческая личность, ученый с большой буквы, историк и просветитель М.К. Козыбаев стал одним из лучших представителей Северного Казахстана в когорте ученых.

тор исторических наук, профессор Манаш Козыбаев начинает занимать одно из ведущих мест в ряду гуманитариев, формирующих общественное мнение в Казахстане. Временем были востребованы личности, которые, обладая обширными и универсальными знаниями, способствовали бы поднятию духа нации и направлению его в русло конструктивного партикуляризма. В этот период выходит в свет ряд книг Козыбаева, содержащих в себе идеи о потенциальных возможностях Казахстана к самостоятельному и суворенному развитию. Так, монография «Золотой фонд партии» (1973) впервые затронула проблему о так называемых казахских национал-коммунистах, репрессированных в сталинский период, об одностороннем движении руководящих кадров от центра к регионам. Серия научно-популярных статей сделала доступными читателям ранее преданные забвению имена и судьбы героев национально-освободительного движения казахов.

Манаш Козыбаев один из самых плодовитых историков, поистине выдающийся ученый нашей страны. Его перу принадлежат свыше 800 научных трудов. Никто другой, наверное, не сможет так полно осветить роль казахстанцев в Великой Отечественной войне. Раскрывая трагедию многогранного государства, Козыбаев открыл яркую страницу Казахстана в великой победе над общим врагом. К 1985 г. под научным руководством М.К. Козыбаева выходит многосерийный документальный фильм «Казахстан в Великой Отечественной войне: 1941-1945 гг.», где раскрывается реальная роль и значение республики в одном из самых переломных

моментов мировой истории.

Его интересовали вопросы, связанные с проблемами происхождения казахского народа и его этнической неповторимости. Больше всего белых пятен в истории Казахстана именно в этом сложном периоде. И не случайно Козыбаев занимался решением этих вопросов, чтобы открыть завесу, поставленную временем и самой историей.

Ему принадлежит научная идея понятия «степная цивилизация», с которой связана практически вся история Казахстана с кочевым и полукочевым образом жизни. На уровне современного развития научных знаний степная цивилизация должна стоять на одном уровне с городской и земледельческой цивилизацией. Козыбаев один из первых ученых кто на заре независимости поставил вопрос о развитии культуры и самосознания казахского народа, не забывая при этом о взаимовлиянии культур всех народов Казахстана.

Казахстанскую науку украшают имена таких выдающихся и крупных ученых - историков, как А.К.Маргулан, М.П.Вяткин, Е.Бекманов, А.Н.Нусупбеков, Б.Сулейменов и др. Академика М.К.Козыбаева следует и нужно считать достойным продолжателем их наследия, и в то же время он сумел поднять историческую науку на новый виток развития.

Целый пласт жизни М.К. Козыбаева посвящен распространению энциклопедических знаний. Подготовленные им материалы легли в основу справочно-информационных публикаций о Казахстане как отечественных, так и мировых издательств. Он являлся главным редактором многотомного издания «Казахской энциклопедии»; 5-томное собрание сочинений Ч.Ч. Валиханова (2 изд.), многочисленные энциклопедические, документальные издания, осуществленные под руководством и при непосредственном участии, являются результатом новых научно-теоретических изысканий.

Академику Манашу Козыбаеву 85 лет



Его работа «Казахстан - арсенал фронта» заняла лидирующие позиции в Советском Союзе как одно из ярких произведений научно-публицистического жанра.

В числе известных ученых СССР в 1970-1980 гг. М.К. Козыбаев участвовал в написании многотомной «Истории рабочего класса СССР» (т. 3), фундаментальных изданий «Советский тыл в первый период Великой Отечественной войны», «Историография Великой Отечественной войны», «Во главе защиты Советской Родины» и ряда других исследований.

Он активно участвует и в становлении массового исторического сознания как одной из основ демократического общества. В этом плане его энергия общественного деятеля направлена на идеиное противостояние как имперским стереотипам постсоветского мышления, так и крайним формам казахского национализма.

М. Козыбаевым создана настоящая научная школа. Многие видные ученые Казахстана и других стран с гордостью считают себя учениками Манаша Кабашевича. Мало кто из крупных ученых смог подготовить такое большое количество специалистов. По скромным подсчетам через его добрые и талантливые руки прошло около 90 кандидатов и докторов наук. Это целая академия.

Обстановка открытости, даже при обсуждении самых острых проблем, позволяет ученым республики освободиться от старых догматических подходов. Толчком к этому послужила вышедшая в соавторстве статья

М.К. Козыбаева «Коллективизация в Казахстане: трагедия крестьянства», где впервые были преданы гласности факты геноцида 20-30-х годов по отношению к казахскому народу. Общественный резонанс этой публикации трудно переоценить. Таким же образом возрожденная память об этих событиях послужила мощным стимулом к консолидации казахской нации на одном из критических этапов восстановления государственности.

За годы независимости Казахстана Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова под руководством М.К. Козыбаева внес огромный вклад в разработку актуальных проблем исторической науки. Главными приоритетными направлениями стали актуальные проблемы методологии исторических знаний, этногенеза и этнической истории казахского народа, национальной государственности и национальной безопасности, социально-политической и экономической истории Казахстана, а также проблемы всеобщей истории в плане взаимосвязей и взаимоотношений Казахстана с Россией, Китаем, государствами СНГ, странами дальнего зарубежья и т.д. При этом в разработке самых сложных и актуальных проблем истории генератором идей выступает сам М.К. Козыбаев.

Были поставлены вопросы о цивилизационной значимости Евразии, истории российских колониальных захватов, последствиях социалистического опыта модернизации, роли и месте казахской национальной элиты в утрате и обретении независимости. Реальным воплощением интенсивного труда явилась серия истори-

ческих учебников и учебных пособий для средних школ и университетов республики. Кроме того, многосторонность научных интересов позволила М.К. Козыбаеву подготовить новую генерацию ученых, свободных от политической конъюнктуры и идеологической засоренности.

Он стоял у истоков новых концептуальных разработок истории казахской государственности, истории Казахстана в условиях колониализма и советского тоталитаризма, реабилитации жертв массовых политических репрессий. В качестве члена Государственной комиссии им проведена большая работа по реализации Указов Президента РК Н.А. Назарбаева «Об объявлении 1997 года Годом общенационального согласия и памяти жертв массовых политических репрессий», «Об объявлении 1998 года Годом народного единства и национальной истории», «Об объявлении 1999 года Годом единства и преемственности поколений».

Только в 2000 году увидело свет его исследование «Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски» в 2-х томах. В этой работе собраны наиболее ценные в научном, научно-практическом плане его статьи и доклады. Он автор и соавтор ряда учебников по истории Казахстана для средней школы. Одна из последних таких работ – учебник «История Казахстана» для 9 класса, изданный в 2000 году на двух языках – русском и казахском.

*Анатолий Плещаков,
к.и.н.*

Академик Манаш Қозыбаевтың туғанына 85 жыл

МҰРАЖАЙ – ТАРИХ АЙНАСЫ

Музей - туған еліміздің асыл қазынасы. Ендеше өңіріміздің шежіресінен сыр шертетін таным тұңғызымен ерекшеленетін Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің жанынан ашылған Манаш Қозыбаевтың мұражайы туралы сөз етудің жөні келіп тұр. Осы тұрғыда мұражай менгерушісі Қожабекова Ботагөз Сапарқызымен болған сұхбатымызды жариялаудың сәті түсті.

- Мұражайды құру, оны дамыту ісінде тарихи бұйымдарды жаңырту, жаңарту, сактау үшін қыруар қаражат жұмсалатынын білеміз. Десекте, бұлардың бәрі ұрпак тәрбиесі үшін баға жетпейтін бағыт. Сіздің ойыңызша университеттің құрамында мұражайдың болуының мәнінеде?

- Тарихи музей - университеттіміздің мәдени дәстүрі мен бай тарихи мұрасын сактаушы және рухани-идеологиялық тәрбие беру орталығы. Мұражайлардың археологиялық, тарихи, әдеби-мәдени ескерткіштер арқылы адамгершілік, эстетикалық тәрбие беру мәселелері қазіргі заман педагогтарының негізгі міндеттерінің бірі екені даусыз. Мұражай мұрағаттары мен жәдігерлерін, ежелгі ескерткіштерді пайдалана отырып оқыту, тәрбие жұмыстарын жүргізу студенттердің іс-әрекеттерінің көзгауыш мотивтерін оятуда маңызды роль аткарады.

- **Мұражай тарихы туралы айтып өтсөніз?**

- Қазақстан Республикасы Укіметінің 2003 жылғы 30 мамырдағы Қаулысымен Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетіне Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылыми академиясының академигі Манаш Қабашұлы Қозыбаевтың есімі беріліп куансақ, ал 2011 жылдың наурызында КР Тәуелсіздігінің 20-жылдығын мерекелеудің кешенінді іс-шараларына сәйкес оқу орнының жанынан академиктің мұражайының ашылуы орайластырылды. 2006 жылы университеттеге берілген Петропавл қаласының Абай көшесі 16 мекенжайында орналасқан тарих және сәулет ескерткіш-ғимаратына 2010 жылдан бастап жөндеу және қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілген болатын. Қазіргі уақытта мұражайдың жөндеуден өткен залдағында экспозициялық құрал-жабдықтар орнатылған. Мұражай кешені үш залдан тұрады: СҚМУ залы, Солтүстік Қазақстан археология және этнология залы, академик М. Қозыбаев залы.

- **Мұражайдың заттық және рухани құндылықтарды танытуда атқарып жатқан жұмыстары туралы не айттар едініз?**

- КР белгілі мемлекет және қоғам



кайраткерлері, әртүрлі республикалық конференцияға катысушылары университеттің құрметті қонақтары әрдайым мұражайға ат басын тірдейді. Мәселең, КР Президенті Н.Назарбаев, ұшқыш т.Әубекіров, АҚШ, Франция, Англия, Белоруссия елшілері, атақты ғалымдар, жазушылар университеттің құрметті қонақтары болды.

Мұражайдың жұмыс жоспарына сәйкес, облыс және қала тұрғындарынан материал жинау және университет қызыметі жөнінде үтіт-насихат жұмыстары жүргізіліп отырады. Тұлектор Ассоциациясымен бірге СҚМУ-дың әр жылдарындағы бітірген тұлектор-імен жұмыс жүргізіліп тұрады және «Ұздік түлек» беліміне материалдар жинақталып, «Университеттің үздік тұлектері», «Құрмет кітабына» жазбалар жүргізіледі. Тарихи шежіреден сыр шертетін мұражай жастар арасында патриотизмді дамытуда ерекше орын алады. Жыл сайынғы жоспарға сәйкес барлық факультеттер мен Тіл және әдебиет институтының бірінші курс студенттері факультет, кафедра жетістіктерімен танысып, біздің университеттегі беделін арттырып, дәстүрді жалғастырады.

Мұражайда біздің студенттердің қатысуымен академик Манаш Қозыбаевқа арналған әдеби-шығармашылық композиция етеді. КР Тәуелсіздік күні, КР Тұңғыш Президент күні, КР Конституциясы күні және басқа да атаулы күндерде мұражай залында студенттерге арналған Қазақстан мемле-

кетінің даму кезеңдері туралы презентация, еліміздің тәуелсіздігі жолындағы КР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың ролі туралы фильм көрсетіледі.

- **“Музей-тарих айнасы” дейміз. Осы ораїда мұражай қорына үлес қосуши болашақ тарихшылардың мұражаймен оқу процесін байланыстыруы қалай жүзеге асуда?**

- Этнографиялық бөлімде Солтүстік Қазақстандағы ұлыстардың қалыптасуы мен әртүрлі ұлыстардың рухани және материалдық мәдениетін сипаттайтын элементтер көрсетілген. Жыл сайын тарих және құқық факультеттің оқытушылары мен студенттері Солтүстік Қазақстандық археологиялық экспедицияның ғылыми зерттеулері мен археологиялық тәжірибесіне қатысады. Мұражай қоры әрдайым жаңа материалдармен тольғыш отырады. Мұражайда 5000 данаға жуық экспонат бар. Мұражай құндылықтары жәдігерлерде. Тарих сабактарында студенттер мұражайдан өлкенің ежелгі тарихымен таныса алады.

Музей жастарды ұрпак сабактасы мен университеттік дәстүр, елжандылық пен азаматтық рухында тәрбиелу ісін көрсететін, Отанымыздың тарихи-мәдени мұрасының ажырамас белігі болып қала бермек.

**Сұхбаттасқан,
Әшекей Сауірбаева,
журналист**

Академик Манаш Қозыбаевтың туғанына 85 жыл

Қазақтың біртуар ұлы ғұламасы

Әр ғалымның арманы ғылымда өз орын табу, оған үлесін қосу, мамандығынан қабілетті шәкірттер дайындау, ғылыми зерттеу ісіне тікелей үйіткі болып қатысу. Осы тұрғыдан қарасақ, Манаш Қабашұлы арманыны орындаған, үлкен мақсатына жеткен ғалым деп айта аламыз. Ол кең ауқымды, ғылыми көзқарасы, білімі жан-жақты дамыған, әрдайым, әр жағдайда жаңашылдыққа үмтүйліс жасаған, сирек кездесетін интеллектуалдар қатарында болды десем көтөлеспеймін.

Асылдың көзі, алтынның сынығындағ болған Манаш Қозыбаев үйімдастыру-шылық қасиетін, басқару қабілеті мен шеберлігін туған елінің ғылымы мен білімін дамытуға арнаған болатын. Ол шынында да, талантты ғалым ғана емес, сонымен қатар шебер басшы еді. Қазак тарихын, Қазақстан, Отан тарихын жазуда тек бір өзі еңбек етіп қана қоймай, осындай иғлікті іске басқа да ғалымдардың ат салысұнына ықпал етті және мемлекет тарағынан лайықты көніл бөлуін үйімдастыра алды. Сонымен қатар Манаш Қабашұлы үстаз да бола білді. Оның шәкірттері өте көп болды, олардың ішінен талай тамаша мамандар есіп жетілді. Солардың қатарына Табылдиевті айтсақ болады. Оның ғалымдылығынан өрекшелігі – оның жан-жақты білімділігі, алғырлығы, ойының ұшқырлығы мен қаламының жүйріктігі еді. Ол тек қана тарихи мәліметтерді ғана емес, сонымен қоса халық әдебиетін, тарихи азыз – әңгімелерді көп пайдаланды. Сейлегенде де, жазғанда да өзінің ойын нақты жеткізе алды. Өйткені, оның ақындық шеберлігі ғалымдық зердесіне жарасып, публицистің

өткір қаламымен түйісті. Халық ігілігіне жұмысаған өлшесіз асыл уақыты, теңіздей түпсіз терең танымы, мақсатты да тегеуірінді жігерлілігі, кара қылды қақ жарған тұрашылдығы, ірі ғылыми мәселелерді кезінде нақты таразылац, дәл танып әділ бағалап, тиісті бағытқа бұрудағы аса алғырлығы үшін Манаш Қабашұлы Қозыбаев қазаққа бұйырған құдайдың сыйы деп мойындауымыз керек. Ғалымның баға жетпес ғылыми еңбектері: «Дала өркениеті және қазак халқы»-2001; «Ақтандактар тарихы»-1992 осы тұстас еңбектері халқының мұрасы болып есептеледі. Қазак халқының адамзат қоғамынан лайықты орын алар өз дәрежесін, төл тарихы мен туған әдебиетін әлем халықтары тарихымен өзектес сараптауға жол ашуына, жалпы адамзаттық рухани ігілігіне айналдырыды. Бұл екінің бірі, егіздің сынары аса беретін асу емес, елуден біреудің ғана шығатын біргі еді.

«Ғалымның хаты, жақсының аты қалады» дейді халық даналығы. Сондықтан да, Манаш Қабашұлы тарихымыздың боз тарланы атанған ғұлама ғалым, ол өзінің бар болмысы, жүріс-тұрысы, тындырған ісі арқылы сөздердің шындығын дәлелдеген азamat. Манаш Қозыбаев өзі үшін өмір сүрген жоқ, ел үшін өмір сүрді. Елімізге істеген есептің мәнін зор істері, артында қалған мұралары мен айдай жарқын жүзі халқының мұрасы есінде мәнгі қалады деп есептейміз.

**Жайнагул Камкенова,
2-курс студенті**

**Многотиражная
газета "ПАРАСАТ"**

Собственник
Манаш Қозыбаев
Адресиңдағы Солтүстік
Казақстан мемлекеттік
университеті
Газет айнала 1 рет шығады
**Руководитель медиа-
центра**
Марат Шинтимиров
Редактор
Әшекей Сәүірбаева
Редактор
Евгения Шоль
Фотокорреспондент
Олег Петухов
Компьютерная верстка
Олег Петухов
**Свидетельство
о постановке
на учет**

№13400-Г выдано
Министерством культуры
и информации РК
от 25 февраля 2013 года

Адрес редакции

г. Петропавловск,
ул. Пушкина, 81,
корпус № 4 СКГУ
ауд. 307,
Тел 49-33-43/11-53/

Номер набран
и сверстан в редакции
газеты «Парасат»,
отпечатан в ИПО СКГУ
по адресу:

г. Петропавловск,
ул. Пушкина, 81,
корпус № 4 СКГУ
ауд. 113



Заказ № 193
Тираж 200 экз.

Аринау

Үңілеін өткен мына ғасырға
Калам тербел, жыр жазайын асылға.
Асылым деп ардақтаған ел оны
Гаянартастың асылдығы асыл ма?

Бір сыр бар жүргегінен орын алған.
Алғанда оймактай қып ойып алған,
білмеймін айтартымды айтпасымды
Терен ойға батырды-ау дүние жалған.

Бірде жанып барамын, бірде сеніп
Келемін бұл өмірге кімге сеніп
Файып болды жарқыраған жұлдыздарың
Өкпемді айтам, халқым-ау, кімге барып?

Жүріп ең арамызда кеше ғана
Қайда кеттің, файып бол, асыл Аға?
Ағып түсken бір жұлдыз өмір деген
Ұғы келсе әр іске амал бар ма?

Жүрекке жалын сыймай кернеткені
Арамыздан өкініш-ақ ерте өткені
Манаш ата енбегі емес пе еді?
Тарихтың бесігін тербеткені.

Өміріңнің қысы, жазы, көктемі
Тарих боп қалды бүгін өткені
Өшпес рух алау болып әлемге
Менің емес - бүкіл қазақ мақтанышы!

Шағылды тау құлазып көніл көктемі
Жабылсын сізге жақсылықтың шекпені
Жатқан жерің болсын дейміз жәнэтта
Құлазып пай-пай көнілімнің жатқаны...

Сен ғанасың мақтаным, сен ғанасың
Біз де көпке бармаймыз - сен қаласың!
Парақ-парақ жазылар әрбір бетке
Заманында бір-бірлеп басқан ізін.

Мұрат Мәмегжан,
ҚЖ-15 тобының студенті

Академику Манашу Козыбаеву 85 лет

Главное – верить в себя и стараться

В этом учебном году грант имени академика М. Козыбаева был присвоен трем студентам нашего университета. Это показатель отличной учебы, посещаемости, активной научной и творческой деятельности. В преддверии 85-летия со Дня Рождения Манаша Кабашевича, мы побеседовали с одной из обладательниц гранта, студенткой четвертого курса Факультета истории, экономики и права, будущим финансистом Зауреш Кощугуловой.

- Зауреш, получение гранта – это всегда мотивация. Как изменилась Ваша студенческая жизнь после того, как Вы узнали столь радостную новость?

– Я помню эмоциональный всплеск и слезы радости. В ту же минуту я пообещала себе оправдать все надежды родного вуза. После того, как я получила этот грант, моим научным руководителем по дипломной работе стал ректор нашего университета Омирбаев Серик Мауленович. Для меня это большая честь.

- А что этот грант значит лично для Вас?

– Для меня это, в первую очередь, хороший стимул стать еще лучше. Любой труд рано или поздно будет оценен. Для меня это и есть высокая оценка моего интеллектуального и творческого труда.

- Что Вы знаете о Манаше Козыбаеве?

– Манаш Кабашевич – выдающийся ученый-историк, который внес неоценимый вклад в развитие отечественной исторической науки. Меня поражает, что один человек может быть автором более 800 научных работ. Его любовь к истории поражает. Содержание трудов и исследований академика всегда было направлено на укрепление общенационального согласия и единства народов Казахстана, на развитие духовности и патриотизма подрастающего поколения. Горжусь тем, что учусь в университете, который



носит имя этого великого человека. Считаю, что это очень престижно, и указывает на то, что наш университет активно штурмует научную деятельность. Доказательство тому – проведение многочисленных научных и научно-практических конференций, среди которых ярко выделяются «Козыбаевские чтения».

- Расскажите, в чем выражается Ваше участие в творческой и научной жизни университета?

– Я стараюсь всегда находиться в гуще

событий: принимаю активное участие в различных мероприятиях кафедры, являюсь солисткой вокальной группы и нередко выступаю на сцене любимой альма-матер. В моем арсенале несколько научных статей, и я не намерена останавливаться на этом.

- Каким Вы видите свое будущее?

– Когда в старших классах пришло время задумываться о выборе дальнейшей профессии, я долго не могла определиться. Взвесив все свои возможности, пришла к выводу, что финансы – это то, что мне подходит. Моя профессия очень полезна. У меня есть две цели. Первая – стать отличным специалистом в банковской области: осваивать профессию с азов и дойти до кресла директора крупного банка. Вторая цель – открыть собственное дело и также успешно развиваться в этом направлении.

- Зауреш, Вы – без пяти минут выпускница. Стоя на пороге новой, самостоятельной жизни, что хотите пожелать родному университету?

– Университету – процветания, нашим дорогим преподавателям – вдохновения, а студентам – трудолюбия. Вспомним слова Президента страны Н.А. Назарбаева: «за молодёжью будущее Казахстана!» Главное – верить в себя и стараться, тогда все получится.

**Беседовала: Евгения Шоль,
редактор медиа центра**

Уважаемые студенты!

Объявляется конкурс видеороликов «Я против коррупции». Работы должны выполняться в формате социальной рекламы, призывать людей сказать твердое «нет» коррупции. Прием видеороликов осуществляется до 30 ноября. Итоги будут подведены 9 декабря.

Студенческий ректорат объявляет видеоконкурс «Мы уникум!»

Задача участников – подготовить оригинальное видео про вашу студенческую группу.

Расскажите, почему именно ваша группа самая лучшая? Продолжительность: не более 2-х минут.

Прием работ осуществляется до 25 ноября. Лучшие авторы определятся 12 декабря.

Подробности о проведении конкурсов:

8-777-923-43-44, Сабитова Айнар Кайратовна, студенческий ректор СКГУ им. М.Козыбаева
email: skgu_stud_rektorat@mail.ru

Любишь футбол?

Тогда знай, что мы ведем набор в секцию футбольного фристайла. Это спорт для тех, кто хочет научиться невероятным трюкам и виртуозному владению мячом. В Казахстане футбольный фристайл только начинает развиваться. Давайте поможем ему занять свое почетное место среди других видов спорта!

Подробности: 87785992282, Адильхан